



№ 29 (9063),
жұма, 11 шілде
2025 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ

Президент су шаруашылығы қызметкерлерін көсібі мерекесімен құттықтап, су – бүкіл тіршіліктің көзі, әлемдегі барлық ел үшін аса маңызды стратегиялық ресурс екенін айтты.

– Біздің кең байтақ жеріміз бар. Алайда ел аумағының жартысынан көбі шөл және шөлейт жерлер.

Сондықтан Қазақстан үшін су мәселесі ұлттық қауіпсіздік мәселесі десек, артық болмайды. Бұл сала әрдайым мемлекеттің айрықша назарында. 2023 жылы халыққа Жолдауында мен суды тиімді пайдалану жайына ерекше тоқталдым. Елімізде Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды. Нақты міндеттер айқындалып, ауқымды реформалар қолға алынды. Жаңа Су кодексі қабылданды. Ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Су нысандарын салуға және қалпына келтіруге қомақты қаражат бөлінді. Шетелден инвестиция тартылуда. Қазір осы салада 30 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Олар қала мен ауылды, өндірістер мен егіс алқаптарын сумен қамтамасыз етуде, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент су саласында мықты мамандар әлі де жетіспейтінін атап өтті.

– Былтыр Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті құрылды. Осы мамандыққа бөлінетін грант саны екі есе артты. 500-ден астам студент бюджет қаржысына білім алып жатыр. Олар оқуын аяқтаған соң «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында жұмыс істей алады. Сондай-ақ 120 қызметкер Қытайда тәжірибе алмасып, қосымша білім алуда. Су шаруашылығы мамандарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса мән берілуде. Былтыр олардың жалақысы 25 пайызға өсті. Быыл да көбейеді. Бір сөзбен айтсақ, жүйелі жұмыс істеліп жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету айрықша маңызды міндет екеніне тоқталып, соңғы жылдары осы бағытта нақты шаралар қабылданғанын жеткізді.

– Қала халқының және ауыл тұрғындарының көпшілігі таза ауыз сумен қамтамасыз етілді.



Енді алдымызда тұрған шұғыл міндет – 500-ге жуық ауылға су беру жұмысы. Әсіресе, ауыз суды тазалау мәселесін шешу қажет. Халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп тегін айтпаған, әр тамшы судың қадірін білген. Суды тиімді пайдалану – өте өзекті мәселе. Заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» повесінде судың қасиеті, құдықшының еңбегі туралы терең ойлар айтылады. Қазір елімізде суды үнемдеу тарифі іске қосылды, яғни «аз пайдалансаң, аз төлейсің» деген қағида енгізілді. Сонымен қатар мемлекет су үнемдеу технологиясын қолданатын шаруаларға белсенді қолдау көрсетуде, атап айтқанда, жұмсаған қаржысының 80 пайызына дейін өтейтін болды. Бүгінде 470 мың гектар жерде осындай озық технология іске қосылды. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасады. Себебі, су үнемдеу – алдымызда тұрған аса маңызды стратегиялық міндет. Бұл мәселеге қатысты цифрландыру жұмысын жүргізу өте өзекті. Оны қарқынды түрде жүзеге асыру керек. Шындығын айтсақ, қазіргі жағдай жалпы мәз емес. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында суды үнемдеу мәдениеті жан-жақты дәріптеліп жатыр. Еліміздегі 2 миллионнан астам оқушы «Суды үнемде – болашақты сақта!» атты ауқымды жобаға қатысты. Өскеменде ұрпақ судың құндылығын білуі керек, оны ысырап етпеу туралы жастайынан түсініп өсуі қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, су қауіпсіздігі Қазақстанның орнықты дамуына әсер ететін негізгі мәселеге айналды.

– Біз осы себепті су дипломатиясын күшейтуді қолға алуымыз керек. Аталған аса маңызды іске кадрларды даярлап, іріктеуіміз қажет. Ең алдымен, трансшекаралық өзендер бассейніндегі суды тиімді пайдалану жүйесін жолға қою үшін көршілес мемлекеттермен

ықпалдастыққа мән берген жөн. Қазақстан су ресурстарын рационалды, әділ әрі тең құқылы негізде пайдалану қажет деген ұстанымды жақтайды. Сондай-ақ су қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында өзара міндеттемелерді сақтаған дұрыс. Көршілес елдермен конструктивті диалог және тараптардың мүддесіне сай ынтымақтастық жалғасады деп үміттенеміз. Қазақстан Орталық Азия елдерінің су-энергетика консорциумын құру бастамасын дәйекті түрде ілгерілетіп келеді. Өңір елдерімен тығыз ықпалдастықтың арқасында былтыр диқанарымызға қажетті су толық жеткізілді. Быыл да осындай жұмыс атқарылуға тиіс. Әлемде суға сұраныс деңгейі 2040 жылға қарай 40 пайызға артуы мүмкін. Мұндай жағдайда бүкіл халықаралық қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіру маңызды. Сондықтан Қазақстан су дағдарысын еңсеруді көздейтін көпжақты бастамаларға белсенді қатысады. Былтыр Сауд Арабиясында өткен арнаулы саммитте су проблематикасын шешудің негізгі тәсілдерімен белістім. Келесі жылы елімізде БҰҰ аясындағы Өңірлік экология саммитін өткізу жоспарланып отыр. Осы тектес қадамдар еліміздің су қауіпсіздігін нығайтуға септігін тигізеді, – деді Мемлекет басшысы. Президент сөзін қорытындылай келе, су ресурстарын дамытуға үлес қосып келе жатқан сала қызметкерлеріне алғыс айтты.

– Су экономикаға, экологияға, халықтың денсаулығына, жалпы, барлық салаға ерекше ықпал етеді. Сондықтан судың таза әрі қолжетімді болуы өте маңызды. Елімізде Кіші Аралды құтқару үшін жылдар бойы ауқымды жұмыс атқарылып келеді. Соның арқасында қашқан теңіз қайта оралып, айдыны суға толып жатыр. Каспий теңізі, Балқаш көлі, басқа да су көздерін сақтап қалу үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Су, дұрыс пайдалана білсең – құт, ысырап етсең – жұт. Былтыр Қазақстанның бірнеше аймағы қарғын судан қатты зардап шекті. Мұндай жойқын табиғи апат елімізде бұрын-соңды болмаған. Күрделі кезеңде сіздер қасарлық пен кесібіліктің озық үлгісін көрсеттіңіздер. Әр қызметкер күні-түні еңбек етіп, апат салдарын жоюға белсене атсалысты. Мен баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты іс-шарада Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның су шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Былтыр «Қазақстанның су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы бекітілді. Бүгін осы атақ бірқатар ардагерге берілді.

akorda.kz

ГЕНЕРАЛЬНЫЙ ПРОКУРОР БЕРИК АСЫЛОВ ВСТРЕТИЛСЯ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ



Сегодня Генеральный прокурор РК Берик Асыллов во Дворце торжеств в Талдықоргане провел встречу с жителями региона и представителями правоохранительных органов. Во встрече также приняли участие ветераны, общественные деятели, члены неправительственных организаций, активная молодежь. Сопровождение вел аким области Жетісу Бейбіт Исабаев, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

В своем выступлении Генеральный прокурор РК Берик Асыллов отметил важность концепции Главы государства Касым-Жомарта Токаева «Закон и порядок», подчеркнув, что ее реализация должна стать работой не только правоохранительных органов, но и всего общества.

– Как вы знаете, по инициативе Главы государства Касым-Жомарта Токаева в стране проводятся масштабные реформы. Они основаны на принципе «Закон и Порядок». Правоохранительные органы перешли на сервисную модель работы. Изменилась политика по уголовным преступлениям, усилился профилактический принцип. Такие инициативы придали новый импульс развитию общества. Государство выделяет огромные средства на реализацию социальных программ. Их эффективное использование находится в центре внимания прокуратуры. Поэтому наши усилия направляются на возмещение ущерба, в случаях причинения их государству. Меры, обеспечивающие социальную справедливость, будут продолжены, - сказал Б. Асыллов.

На совещании от имени старшего поколения выступил председатель областного совета ветеранов Ермек Келемсеит, который отметил, что ветеранская общественность будет способствовать укреплению правопорядка, воспитанию подрастающего поколения, сохранению общественного спокойствия, опираясь на свой жизненный опыт.

Также директор ТОО «Консолидированная горно-строительная компания» Кенжетай Мангулов кратко рассказал о мерах поддержки, оказываемых инвесторам со стороны государства, масштабном проекте, реализуемом товариществом.

В свою очередь, руководитель общественного объединения «Тамшыбулак» Жанат Тулемисова поделилась опытом в решении социальных вопросов и активизации гражданских инициатив.

А директор КГУ «Жетісу жастары» Шамиль Ванкеев отметил вклад молодежи в продвижение идеологии закона и порядка в об-

ществе:

– Учреждение «Жетісу жастары» совместно с областной прокуратурой реализует масштабные проекты. В первую очередь это касается работы с молодежью категории NEET. При этом по инициативе областной прокуратуры мы открыли центр «Карьера». Центр оказывает содействие в трудоустройстве молодежи, дает им ориентацию, а при необходимости и возможность открыть свое дело. Кроме того, мы запускаем проект «Qosyl Fest». И я хочу предложить расширить этот проект «Qosyl Fest» по всей республике. Это, безусловно, повысит интерес молодежи, - сказал Шамиль Ванкеев. Стоит отметить, что впервые в области подобный фестиваль прошел в городе Уштобе Каратальского района.

В завершение совещания глава региона Бейбіт Исабаев отметил, что акиматом области совместно с правоохранительными органами, в том числе прокуратурой, реализуются региональные программы. В частности, в области реализуется менторский проект. Так, в настоящее время по области работают 126 менторов, в результате чего количество правонарушений среди школьников снизилось в 4 раза, особенно в городе Талдықорган и Панфиловском районе. Кроме того, были озвучены ряд мер по установлению на дорогах области видеонаблюдения, способствующих снижению уровня преступности, установлению квоты рабочих мест для лиц, освобожденных из мест лишения свободы и состоящих на учете службы пробации, открытию правовых кабинетов для повышения уровня правового сознания и культуры граждан в отдаленных населенных пунктах региона.

– Мы будем активно работать над внедрением на всех уровнях инициатив по созданию безопасного и справедливого общества для каждого гражданина. Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич на расширенном заседании коллегии правоохранительных органов дал конкретные поручения в рамках закона и порядка. Мы приложим все усилия для выполнения этих поручений со своей стороны, - сказал Б. Исабаев по итогам совещания.

Напомним, сегодня в селе Рудничный города Текели за счет не законных активов, возвращенных в страну, была заложен первый камень в основание новой школы и заложена капсула времени.

Автор фотографии: Жеңіс Ысқабай

Пресс-служба акима области Жетісу



БЕЙБИТ ИСАБАЕВ ПРОВЕЛ ВСТРЕЧУ С ДЕПУТАТАМИ МАЖИЛИСА И СЕНАТА ПАРЛАМЕНТА



Аким области Жетісу Бейбит Исабаев встретился с депутатами Сената и Мажиліса Парламента, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу. Во встрече приняли участие депутаты Сената С. Дюсембинов, Г. Сарыбаев, А. Толамисов, депутат Мажиліса Е. Бейсенбаев и секретарь областного маслихата Гульнар Тойлыбаева. В ходе беседы стороны обсудили ход реализуемых на территории области проектов, финансируемых за счет средств республиканского бюджета, а также ряд актуальных проблем региона и пути их решения. Также депутаты остановились на

принятых в стенах Парламента законопроектах, в частности, Налоговом и Бюджетном кодексах. Напомним, в течение недели депутаты посетят районы и города региона, ознакомившись с работой и ходом строительства социальных и производственных объектов.

Пресс-служба акима области Жетісу

В ЖЕТИСУ АКТИВНО РАЗВИВАЕТСЯ ЖИВОТНОВОДСТВО: ЗА 5 МЕСЯЦЕВ ОБЩЕЕ ПОГОЛОВЬЕ СКОТА УВЕЛИЧИЛОСЬ НА 4%, А ПЛЕМЕННОЕ – НА 13,4%

По поручению Главы государства индикативный показатель Дорожной карты на 2024-2028 годы по увеличению объема валовой продукции сельского хозяйства в два раза в области Жетісу выполняется согласно утвержденному плану. Так, за 5 месяцев этого года поголовье сельскохозяйственных животных увеличилось на 4% и составило 2,8 млн. голов. Также, увеличено количество племенного поголовья на 13,4%. Об этом сегодня на заседании Правительства сообщил аким области Бейбит Исабаев, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Учитывая погодные условия текущего года, в регионе увеличена и посевная площадь кормовых культур до 97,4 тыс. га. В результате для зимовки скота будет заготовлено 2 млн. 236 тыс. тонн кормов.

В целом для развития животноводства в текущем году из местного бюджета выделено 7,1 млрд. тенге субсидий, а для организации ветеринарных работ – 4,9 млрд. тенге. Между тем рост производства мяса с начала года составил 3,2%, производство молока – 2,6%.

«В области Жетісу особое внимание уделяется укреплению материально-технической базы отрасли. Так, в 2022-2025 годы из областного бюджета выделено 2 млрд. тенге, построен 71 ветеринарный пункт и одна ветеринарная станция. Ветеринарные пункты оснащены интернетом, холодильниками для хранения вакцин, ветеринарные врачи обеспечены 78 специализированными автотранспортными средствами. В 2026 году за счет строительства новых 16 ветпунктов потребность в них в области будет полностью удовлетворена», - сообщил Б. Исабаев, отметив, что в 2023 году средняя зарплата ветеринарных специалистов была увеличена со 120 тыс. тенге до 250-350 тыс. тенге.

Стоит также отметить, что с начала года в рамках профилактических мероприятий против 14 видов особо опасных инфекционных заболеваний выполнено 6,1 млн. прививок при плане – 13,3 млн. В результате в текущем году в регионе не зарегистрирован ни один неблагополучный очаг по особо опасным заболеваниям.

Также в соответствии с принципами обеспечения контроля за продукцией животноводства «От фермы до стола» в этом году запланирована закупка 2 блочно-модульных убойных пунктов, на эти цели из бюджета выделено 103 млн. тенге. Кроме того, в сотрудничестве с частными предпринимателями оборудованы и введены в эксплуатацию 2 убойных пункта.

Фотографии взяты из архива пресс-службы акима области



Пресс-служба акима области Жетісу

В ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ АКТИВНО ПРОВОДЯТСЯ МЕРЫ ПО ПРОФИЛАКТИКЕ СУИЦИДОВ СРЕДИ ПОДРОСТКОВ

С 2023 года функционирует областной Центр психологической поддержки, который формирует единую систему, направленную на укрепление психологического благополучия участников образовательного процесса. Центр работает по направлениям организационной, методической, консультационной, мобильной помощи, повышения квалификации и межведомственного взаимодействия. За это время была оказана помощь по 36 обращениям детям, оказавшимся в трудной жизненной ситуации.

По поручению заместителя Премьер-Министра РК при Министерстве просвещения создан проектный офис, ведется работа по профилактике суицидов. 10 школ работают на портале «Система поддержки учащихся».

В период летних каникул в рамках проекта «Offline каникулы – 2025» в области проводятся арт-терапия и групповые тренинги в различных лагерях, чтобы школьники проводили время безопасно и с пользой. Кроме того, учащимся 5-11 классов и их родителям оказывается очное консультирование и психокоррекционная помощь.

В будущем центр планирует организовать курсы повышения квалификации для педагогов-психологов.

В области Жетісу усилена работа по профилактике самоубийств и защите половой неприкосновенности среди несовершеннолетних. В текущем году на территории области зарегистрировано 5 случаев совершения суицида и 1 попытка среди подростков. Эти случаи зафиксированы по одному в Панфиловском, Кербулакском и Ескельдинском районах, два – в Талдыкоргане, а попытка суицида – в Алакольском районе.

В ходе расследования установлено, что основными причинами, побуждающими подростков к таким действиям, являются семейные конфликты, эмоциональная привязанность (влюбленность), а также неуверенность в успешной сдаче ЕНТ. Из шести подростков, совершивших суицид, четверо – мальчики, двое – девочки, в возрасте от 16 до 17 лет. В рамках профилактических мероприятий, накануне нового учебного года, Управление местной полицейской службы Департамента полиции области проводит встречи с родителями во всех региональных областях. Уже организованы собрания в 30 населенных пунктах, на которых педагоги-психологи дают родителям важные рекомендации: обращать внимание на изменения в поведении детей, контролировать наличие телесных повреждений, а также поддерживать тесную связь с классными руководителями.

Кроме того, на республиканском уровне в целях предотвращения вовлечения подростков в опасные игры, побуждающие к суициду (такие как «Красный дельфин», «Schoolboy Runaway»), школьные администрации, наставники и психологи совместно проводят разъяснительную работу с родителями.

Также продолжают совместные мероприятия с областным центром психологической поддержки. В 318 школах в Аксуском, Алакольском, Ескельдинском, Каратайском, Кербулакском, Коксуасском, Панфиловском, Сарканском районах, а также в городах Талдыкорган и Текели проведены онлайн-опросы среди учащихся на тему суицида.

В ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ ОТКРЫЛИ СОВРЕМЕННЫЙ ЗАВОД ПО ПРОИЗВОДСТВУ ГАЗОБЕТОННЫХ БЛОКОВ, НЕ ИМЕЮЩИЙ АНАЛОГОВ В РЕГИОНЕ



В области Жетісу открыли современный завод по производству газобетонных блоков автоклавного твердения. Предприятие является уникальным, так как аналогов производству данных видов кирпичей в регионе нет. Производственная мощность нового предприятия составляет 150 тыс. м3/год. Привлечено 2,5 млрд. тенге инвестиций, создано 50 постоянных рабочих мест, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

- За три года с момента образования области Жетісу годовой объем промышленного производства достиг 347 млрд. тенге. тенге с ростом на 16,8%. За эти годы в промышленности было реализовано 35 проектов на общую сумму 85 млрд. тенге. Среди них ветровые и гидроэлектростанции, заводы по производству промышленных аккумуляторов и солнечных панелей. В целом Жетісу – один из регионов, где строительство ведется интенсивными темпами. Активно возводится жилье, социальные объекты, прокладывается инженерная инфраструктура. В этой связи запуск нового завода имеет важное значение для обеспечения отрасли качественной местной продукцией и развития строительной индустрии региона в целом, - отметил заместитель акима области Асет Канатагов, принимающий участие в церемонии открытия предприятия.

Со словами поздравления к коллективу завода обратился директор ТОО «Стальбетон» Калкабай Мусанов, поблагодаривший всех причастных к запуску нового производства.

Торжественная церемония нажатия символической кнопки ознаменовала начало работы нового завода, затем официальные гости и все желающие смогли ознакомиться с работой предприятия. К слову, предприятие расположено на территории индустриальной зоны «Талдыкорган».

Как отметил производственный директор завода Даурен Нурали, это первый подобный завод в регионе, так как аналогов производству данных видов кирпичей в области нет.

- Производимые на нашем заводе газобетонные кирпичи автоклавного твердения соответствуют всем необходимым нормам и стандартам. Производятся они по китайской технологии, местные специалисты прошли соответствующее обучение для работы на современном оборудовании. Главная особенность подобного вида кирпичей в том, что они очень хорошо держат тепло в зимний период, а в летний сохраняют прохладу в помещении. Поэтому в основном используются при строительстве многоэтажных жилых домов и жилья в целом. При производстве используется местное сырье. На первом этапе будет реализовывать нашу продукцию в области Жетісу и соседнюю Алматинскую область, - сказал Д. Нурали.

Всего на предприятии на данном этапе создано 50 постоянных рабочих мест. Трудоустроены местные специалисты из разных сфер. Имеется бесплатное общежитие, также сотрудники обеспечиваются трехразовым питанием. Среди трудоустроенных специалистов и молодая семья из Аксуского района.

- На завод я устроилась на работу первой, затем мой супруг. Сама я по специальности воспитатель, а мой супруг специалист сферы IT. На заводе я прошла специальное обучение и теперь успешно работаю. Завод нас обеспечил жильем. На бесплатной основе живем в общежитии, условия работы и быта вполне комфортные. Удобный график работы и стабильная зарплата очень важны для нашей молодой семьи, ведь у нас трое детей, - поделилась мнением Минар Дүйсебек.

В целом промышленный потенциал области Жетісу представлен свыше 500 предприятиями, в отрасли занято порядка 30 тыс. человек. Приоритетными отраслями промышленности в регионе являются производство продуктов питания, стройматериалов, а также машиностроение. Вместе с тем развивается легкая, химическая, металлургическая отрасли. При этом до 2027 года в промышленной отрасли планируется реализовать еще 34 инвестпроекта на сумму 1,7 трлн. тенге.

Фотограф: Жеңіс Ысқабай

Пресс-служба акима области



«КАРАСОРА-2025»: ВЫЯВЛЕНО 27 ПРАВОНАРУШЕНИЙ, СВЯЗАННЫХ С НАРКОТИКАМИ



В июне текущего года в области Жетісу проведено оперативно-профилактическое мероприятие «Қарасора-2025». По итогам операции выявлено 27 правонарушений, связанных с незаконным оборотом наркотиков, из них 16 – уголовного характера. Изъято свыше 25 килограммов различных наркотических средств. Кроме того, зафиксировано 11 административных правонарушений, по которым к ответственности привлечены ряд лиц.

Установлены факты незаконного выращивания наркосодержащих растений в нескольких районах. По данным правоохранительных органов, с начала года в регионе зарегистрировано более 90 преступлений, связанных с наркотиками, что свидетельствует о росте по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

В рамках ОПМ было задействовано свыше 100 сотрудников, специализированная техника и мобильные группы. При поддержке акимата области Жетісу осуществлялось воздушное патрулирование. В ряде районов планируется открытие круглосуточных постов наблюдения.

В киберпространстве проведён мониторинг, по результатам которого заблокированы ресурсы, распространявшие информацию о наркотиках в мессенджерах и интернете. Также пресечена деятельность банковских счетов, связанных с противоправной деятельностью.

Согласно информации Департамента полиции области Жетісу, оперативные и профилактические меры по борьбе с наркопреступностью будут продолжены до конца текущего года.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША ТҮСІНДІРМЕ КЕЗДЕСУ ӨТТІ



2025 жылдың 14 маусымы күні және 19 маусымы күні Ескелді ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен дене шынықтыру - сауықтыру кешенінің ойын залында және бокс залында кездесу өтті. Іс-шара барысында спортшыларға мемлекеттік қызмет түрлері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Кездесу барысында мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі, оның ішінде электронды үкімет порталы арқылы көрсетілетін қызметтер кеңінен түсіндірілді. Сонымен қатар, спорт саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат берілді.

Аталған кездесуге аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің қызметкерлері мен оқушылары қатысты. Шараның

мақсаты — жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру және мемлекеттік қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету өскелең ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жастармен кездесу ұйымдастырылды. Шарға спорт мектебінің жаттықтырушылары мен тәрбиеленушілері қатысты. Сонымен қатар, жастар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, құқықтық мәселелер бойынша кеңес ұсынылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай кездесулер жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырып, азаматтық белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

ҰЛТ ПЕН ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ ДІННІҢ РӨЛІ

Ұлттың болашағы — ұрпақ десек, сол ұрпақтың адам болып қалыптасуының өзегі тәрбиемен тығыз байланысты. Ал тәрбиенің рухани діңгегі — дін. Ежелден қазақ халқы салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлқын, тіпті ел басқару жүйесін де Ислам дінімен үйлестіріп өмір сүрген. Бүгінгі таңда да ұлттық сана мен имани құндылық қатар жүрсе ғана елдің іргесі берік болмақ.

Дін — рухани тәрбие негізі

Ислам діні адам баласын кішіпейілділікке, әділдікке, сабырға, ата-ананы құрметтеуге, үлкенге ізет, кішіге қамқор болуға үндейді. Бұл құндылықтар қазақ халқының болмысына біте қайнасып кеткен. “Иманы бардың ары бар” деген сөз бекер айтылмаған. Дін арқылы балада адалдық, жауапкершілік, отансүйгіштік сезімі қалыптасады. Мұндай адам қоғамда тек жақсы әрекеттерге ұмтылады.

Ұлттық тәрбие мен дін сабақтастығы

Қазақы тәрбиенің көп тұсы Ислам талаптарымен үндес. Мысалы, “жеті атасын білмеген жетесіз” деу — шежірені білу ғана емес, туыстық қатынасты сақта деген ескерту. Исламда туыстық қатынасты үзбеу — парыз. “Атаның баласы болма, адамның баласы бол” — бұл да пайғамбарымыздың (с.ғ.с) “Ең жақсы адам — адамға пайдасы тиген адам” деген хадисімен үндес.

Қонақжайлық, аманатқа адал болу, уәдеге беріктік, ұят пен ар — барлығы ұлттық дәстүр мен діннің ортақ негіздері. Осы екі бағыт біріге тәрбиеленген ұрпақ адаспайды.

Қазіргі замандағы діннің рөлі

Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде дінге бетбұрыс болды. Мешіттер салынды, медреселер ашылды, халық діни білім алуға мүмкіндік алды. Алайда, дінге дұрыс бағытпен келмеген, теріс ағымдарға еріп кеткен жастар да көбейді. Мұның басты себебі — діни сауаттың төмендігі мен ұлттық тәрбиеден алыстау.

Сондықтан мектептен бастап діни-рухани тәрбие беру, ата-ананың өздері үлгі болуы аса маңызды. Дін мен ұлттық құндылық үйлескенде ғана ұрпақ тура жолмен өседі.

Қорытынды

Дін — адамның ішкі жан дүниесін тәрбиелесе, ұлт — оның рухани киімін қалыптастырады. Екеуі бірінен ажырамайды. Ұрпақты иманды, отаншыл, адамгершілігі мол етіп тәрбиелеу — ел болашағына салынған берік іргетас. Сондықтан дінді ұлттың жаны, ұрпақтың жолбасшысы ретінде бағалай білу — әрбір саналы адамның міндеті.

Д. БӨКЕЙ

Жетісу облысы дін істері басқармасы мемлекеттік мекмесінің Ескелді ауданы бойынша маман-теологы

МӘМС-КЕ ҚАТЕ НЕМЕСЕ АРТЫҚ ТӨЛЕНГЕН ЖАРНАЛАР МЕН АУДАРЫМДАРДЫ ҚАЛАЙ ҚАЙТАРУҒА БОЛАДЫ?

МӘМС-ке қате төленген жарналар басқа айларға аударылмайды, тек қайтарып алуға болады. Ол үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-қа өтініш жазу керек. Өтініш бланкын msqorg.kz сайтынан жүктеп алсаңыз болады. Дайын өтінішті eotinish.kz порталы арқылы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ға жіберуге болады. Оған міндетті түрде төлемді растайтын құжаттарды тіркеу қажет. Өтінішті 15 жұмыс күні ішінде қарайды.

Одан бөлек, Жетісу облысындағы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалдарына жүгінуге болады.

- Талдықорған қаласы – Қарағайлы көшесі, 28.
- Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы – Балпық би көшесі, 122 А.
- Текелі қаласы – Тауелсіздік көшесі, 6/2.
- Көксу ауданы, Балпық би ауылы – Балпық би көшесі, 10 Б.
- Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы – Абылайхан көшесі, 22.
- Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы – Бұланов көшесі, 1.
- Алакөл ауданы, Үшарал қаласы – С.Құсайын көшесі, 89.
- Сарқан ауданы, Сарқан қаласы – Абай көшесі, 62.
- Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы – Б. Момышұлы көшесі, 1.
- Панфилов ауданы, Жаркент қаласы – Розыбакиев көшесі, 18.

Медициналық көмек алу кезінде қосымша сұрақтар немесе мәселе туындаған жағдайда өз клиникасындағы Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгіну қажет. Егер жағдайды сол жерде шешу мүмкін болмаса, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының келесі байланыс арналарының біріне өтініш қалдыра алады:

- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
- msqorg.kz ресми сайты
- Telegram-дағы @SaqtandyrBot

Сондай-ақ [Datumed](https://Datumed.kz), [Halyk](https://Halyk.kz), BCC.KZ, Kaspi.kz, [Freedom SuperApp](https://FreedomSuperApp.kz), [Bereke bank](https://Berekebank.kz), [Home Credit Bank](https://HomeCreditBank.kz) мобильді қосымшалары МӘМС жүйесіндегі мәртебені тексеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, электронды үкіметтің egov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында көрсетілетін медициналық қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметі арқылы медициналық сақтандыру жүйесіндегі мәртебені тексеруге және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат алуға болады.



«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

КӨЛІКТЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Бүгінгі таңда әр адамның жеке көлігі бар, бірақ автомобиль жоғары қауіптің көзі екенін ұмытпаңыз. Айта кету керек, қазіргі заманғы автомобильдер отқа төзімді емес және бірнеше минут ішінде толығымен күйіп кетуі мүмкін. Автомобиль-бұл қазіргі заманғы адамның техникалық сипаттамалары бойынша күрделі, механикалық бөлшектермен ғана емес, сонымен қатар көптеген электроника мен сымдармен жабдықталған көлік құралы. Шын мәнінде, автомобильде өрттің пайда болу себептері өте көп, бірақ, әдетте, адам факторы кінәлі.

Себептері:

- 1.Өндірілуінің қатесі. Бұл себеп жиі емес, бірақ соған қарамастан, ол орын алады және Біз білетіндей техника әрқашан сенімді бола бермейді. Әрине, сіз осы немесе басқа өндірушінің жаңа автомобильдердің партиясын қалай шақыратыны және ақауларды жойғанға дейін өндірістен қалай шығаратыны туралы бірнеше рет естіген боларсыз. ТҚ үшін бақылаудың болмауы. Тағы бір жиі кездесетін себеп-иесінің автомобильдің дұрыс техникалық жағдайын бақылаудың болмауы, техникалық тексеру мен техникалық қызмет көрсетудің уақтылы жүргізілмеуі. Қозғалтқыштың қызып кетуі. Жоғарыда айтылғандай, бұл себеп автомобильдің жағдайын бақылаудың болмауынан туындайды, қозғалтқыш өте жоғары температураға дейін жылынуға қабілетті, ал Капот астындағы кеңістікте май мен электр сымдарының болуы жану ықтималдығын арттырады. оқшаулау салоны. Электр жүйесіндегі ақаулық. Автомобильдегі электрик ақауының жағдайы-жанудың ең көп таралған себептерінің бірі. Кедергіге немесе басқа көлікке соқтығысу. Жол-көлік оқиғасы кезінде жану үшін тамаша жағдайлар жасалады. Қатты соққымен жанармай құю және ұшқын пайда болуы мүмкін. Өртеу. Мүмкін, бұл жүргізуші автомобильдің жағдайын қадағалап отыр ма, жоқ па, маңызды емес себептердің бірі. Айналатын жанғыш сұйықтықтармен қосылыстардың герметикалығы мен бүлінбеуі. Автомобильде белгілі болғандай, қауіпті сұйықтықтар-бұл бензин мен дизель отыны ғана емес, сонымен қатар қозғалтқышқа айналатын май, трансмиссиядағы сұйықтық, егер жүйелердің кем дегенде біреуі зақымдалған болса, қайтымсыз тізбекті реакция басталуы мүмкін. Жанармай жүйесінің ағуы. Мүмкін, бұл бүгінгі күні өрттің ең көп тарағанкінәсі. Жанармай жүйесінде бензиннің көп мөлшерде булануы мүмкін негізгі себептері, сонымен қатар будың тұтануы үшін кішкене ұшқын жеткілікті.

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі

ӘР ТАҒАМ – ӨНЕР ТУЫНДЫСЫ

**ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ**

Аспаз — қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында тағам дайындаумен айналысатын маман. Осындай маман иесі Әлия Ерболқызы. Аспаз болуды бала күнімнен армандадым. Кішкентай кезімде анам мен әжемнің ас үйде тамақ дайындағанын қызығып бақылап отыратынмын. Олардың әр тағамды ерекше ықыласпен әзірлегенін көріп, мен де сондай болғым келетін. Сол кезден бастап, ас үй мен үшін жай ғана жұмыс орны емес, шығармашылық алаңына айналды. Уақыт өте келе бұл қызығушылық арманға, арман кәсібі жолға ұласты.

— Аспаз мамандығының қандай артықшылықтары мен қиындықтары бар?

— Артықшылығы — адамдарға қуаныш сыйлайсың. Әрбір дайындалған тағам — біреудің қуанышы, тойы, қуанышты сәтінің бір бөлігі. Ал қиын тұстары — бұл физикалық жағынан ауыр жұмыс. Ұзақ уақыт бойы тік тұру, ыстық пештің жанында жұмыс істеу, әр клиенттің талғамына сай болу — үлкен жауапкершілік.

— Қазіргі жастар арасында аспаздыққа деген қызығушылық бар ма?

— Иә, соңғы жылдары өте жоғары. Әлеуметтік желілердің де ықпалы зор. Аспаз болу — тек үйде тамақ пісіру емес, бұл — креативтілік, талғам, үнемі даму мен жаңалық іздеу. Жастарға кеңесім — осы салаға шын ықыласпен келсеңдер, жетістікке жетесіңдер.

Аспаздың қандай міндеттері бар?

— шикізаттың барлық түрлерін бастапқы өңдеу;

— жартылай фабрикалалар жасау;

— көкөністерден, саңырауқұлақтардан, жемістерден, балықтан, еттен, субөнімдерден тағамдар дайындап, ресімдеу;

— рецепттер негізінде технологиялық карталар жасау және пайдалану;

— кәсіби жабдықпен жұмыс істеу

— дайын тағамдарды мейрамхана бизнесіндегі сән үрдістеріне сәйкес безендіру;

— өзіне-өзі қызмет көрсету желісінде жаппай сұранысқа ие тағамдар үлестіру және тарату.

— Ең жақсы көретін тағамыңыз

және оны дайындаудағы құпияңыз қандай?

— Мен бешбармақты ерекше жақсы көремін. Бірақ оның дәмі еттің сапасына және қамырдың жұмсақтығына байланысты. Ең басты құпия — тағамды сүйіспеншілікпен дайындау.

— Болашақ аспаздарға қандай кеңес берер едіңіз?

— Ең алдымен, шыдам мен ынта керек. Үнемі үйренуге дайын болу қажет. Жаңа рецептер, әдістер, өнімдер — бәрін біліп, тәжірибе жасап көрген абзал. Және әр тағамды шабытпен, махаббатпен жасаңыз — сонда дәмі де, әсері де ерекше болады.

Мамандық таңдауда қателеспедім деп ойлайсыз ба?

Жоқ, мүлде қателеспедім деп сеніммен айта аламын. Аспаз болу — менің жүрегім қалаған мамандығым. Бұл салада жүрген әр күнім маған қуаныш сыйлайды. Әрбір дайындалған тағам — менің еңбегімнің, махаббатымның жемісі. Әрине, кез келген кәсіптің өз қиындықтары болады, бірақ өз ісінді жақсы көрсең, барлық қиындықты жеңуге болады. Мен үшін ең бастысы — адамдардың ризашылығы мен алғысы. Сол сәттерде мамандығымды дұрыс таңдағаныма тағы бір мәрте көз жеткіземін.

Әйткені, болашақта жетістікке жетемін деген адамның басты міндеттерінің бірі-мамандықты дұрыс таңдау.

Мамандық таңдауда ең бастысы-өз ісіне деген сүйіспеншілік. Сонда сіз жұмысқа қуанышпен барасыз, үйге мақтанышпен ораласыз және сүйікті ісіңіз сізге, отбасыңызға, Отаныңызға қуаныш пен пайда әкелетінін түсінесіз.

Аспаз — қоғамдық тамақтану орындарында тамақ дайындайтын адам. Бұл мамандық маңызды, қызықты және болашағы зор. Бірақ бұл сөздер аспаздық кәсіпті толық сипаттай алмайды. Бұл мамандықтың адамдары нағыз сиқыршылар десекте болады. Олар өнімдер туралы, ең жақсы тағамдарға арналған мыңдаған рецепттерді біледі. Бас аспаз өнімдердің сапасын сыртқы түріне қарай, тағамның дайын болу дәрежесін иісі бойынша анықтайды. Асханада ол көптеген адамдар үшін өнімдердің бет белгісін есептейді. Жоғары

деңгейлі мейрамханаларда ол тағамға өзіне белгілі құпия ингредиентті ғана қосады, бұл келушілерді керемет дәмге таң қалдырады. Пісіруде бәрі маңызды: тағамның қалай кесілгені, пісіруге қанша уақыт кетті, тағамның тұздалуына қанша минут қалғаны. Сорпалардың, тұздықтардың, салқын және ыстық тағамдардың, салаттардың, десерттердің шексіз алуан түрі әлемдік тағамдарды қамтиды. Мұны барлық аспазшылар біледі.

Аспаз мамандығының өзіндік ерекшелігі бар. Аспаз адам зиянсыз, дәмді тағам дайындауды білуі керек. Мұны істеу үшін ол тамақтануды, тіпті медицинаны түсінуі маңызды. Осының бәрі аспаздың қажетті мамандық қана емес, сонымен қатар өте мәртебелі мамандық екенін дәлелдейді.

Аспаздың жұмысы өте қиын екенін айту керек. Кейде кешкі және түнгі уақытта үнемі байсалдылық пен мұқияттылық жағдайында жұмыс істеуге тура келеді. Ыстық ас үйде жұмыс істеу үшін денсаулығың мықты болуы маңызды. Мамандық физикалық тәзімділікті қажет етеді. Барлығы дерлік аспазшы мамандығы бойынша білім алады, бірақ барлығыда өз ісінің нағыз шебері бола бермейді. Көркемдік талғам, үздіксіз жетілуге, білім алуға ұмтылушыңа шығуды қалайтындар үшін қажетті қасиет.

Аспаз - бұл мақтаныш! Аспаз болу - бұл қызықты, беделді және сұранысқа ие, жоғарғы дәрежелі мамандық. Егер бойыңда дарының, икемің болса осы мамандықты таңдап, кәсібіңнің нағыз шебері бола біл!

Дара Дана



М.БАЙЫСОВ АУЫЛЫНДА ЖАҢА ФЕЛЬДШЕРЛІК-АКУШЕРЛІК ПУНКТ АШЫЛДЫ

2025 жылғы шілденің басында М.Байысов ауылында салтанатты жағдайда жаңа фельдшерлік-акушерлік пункттің ашылу рәсімі өтті. Аталған іс-шараға Ескелді ауданының әкімі Елдос Ахметов, аудан әкімінің орынбасары Жанар Қанатқызы, аудандық орталық аурухананың басшылығы, сондай-ақ ауыл тұрғындары қатысты. Жаңа медициналық пункт заманауи талаптарға сай жабдықталған. Мұнда алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету, ана мен баланы қорғау, профилактикалық шараларды ұйымдастыру сияқты маңызды қызметтер көрсетілетін болады. Бұл ауыл тұрғындарының денсаулығын қорғауға бағытталған сапалы және қолжетімді медициналық қызметтердің қолжетімді болуын қамтамасыз етеді.

Ашылу салтанатында аудан әкімі Елдос Ахметов сөз сөйлеп, тұрғындарды жаңа нысанның ашылуымен құттықтады. Ол бұл пункттің ауылдағы медициналық қызметтің сапасын арттырып, тұрғындардың өмір сүру сапасына оң әсер ететінін атап өтті. Сонымен қатар, аудан әкімінің орынбасары Жанар Қанатқызы мен аудандық орталық аурухананың өкілдері де жылы лебіздерін білдіріп, ұжымға сәттілік тіледі.

Шара барысында ауыл ақсақалы ақ батасын беріп, медициналық мекеменің халық игілігіне қызмет етуіне тілектестік білдірді.



БАЛАЛАР ЛАГЕРЬЛЕРІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ!

Сауықтыру лагерлерінің ұйымдастырушылары мен басшылары үшін ұйқысыз кезеңдер басталды, жауапкершіліктің орасан зор жүгі олардың иығына, оның ішінде лагерь аумағында, ғимараттары мен ұйжайларында Өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету үшін жауапкершілік жүктеледі.

Өрт шыққан жағдайда балалар лагерінің әрбір қызметкерінің бірінші кезектегі міндеті адамдардың өмірін құтқару болып табылады. Мекеме басшысы, оның орнындағы адам, сондай-ақ қызмет көрсетуші персонал өрт немесе жану белгілері анықталған кезде міндетті :

әкімшілік және қызмет көрсету персоналына дереу дабыл сигналын беріңіз;

балаларды эвакуациялау шараларын қабылдау, кіші жастағы балалар бірінші кезекте эвакуацияланады;

эвакуацияланған балаларды эвакуациялау жоспарында белгіленген қауіпсіз жерге жіберу;балаларды эвакуациялаумен бір мезгілде өз күшімен және құралдарымен өртті сөндіруге кірісу;өрт сөндіру күзеті бөлімшелерінің кездесуін ұйымдастыру және өрт ошағына кіру үшін ең қысқа жолды таңдауға көмек көрсету;

келген бөлімнің (қарауылдың) бастығына балалардың барлығы жанып жатқан немесе түтінделген ғимараттан эвакуацияланғандығы және адамдар қандай ұйжайларда қалғаны туралы нақты хабарлау қажет. Өртті тек өз күштерімен, өрт күзетін шақырмай-ақ сөндіруге үзілді-кесілді тыйым салынады.

Балалардың қауіпсіздігі олардың өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін білуіне де байланысты, оларды олар тек педагогтардан, тәрбиешілерден және өрт инспекторларынан ғана ала алмайды. Өз баласының қауіпсіздігіне сенімді болу үшін ата-аналар сіріңкемен, пиротехникалық бұйымдармен ойнау қауіптілігі туралы, розеткаға қосылған электр құралдарын қараусыз қалдыруға болмайтындығы және өрт туындаған кездегі іс-әрекеттер туралы қосымша өңгіме жүргізуі қажет.

Балалар көп шоғырланған орындарда өрттің алдын алу шаралары ерекше маңызға ие. Осыған байланысты лагерьерде келесі талаптардың сақталуы міндетті:

Ғимараттар өртке қарсы талаптарға сай болуы тиіс — өрт сөндіру құралдары (өрт сөндіргіштер, гидранттар) толық және жұмысқа жарамды күйде болуы қажет.

Электр желілерінің қауіпсіздігі — барлық электр жабдықтары талапқа сай тексеріліп, ақаусыз пайдаланылуы қажет.

Қызметкерлер мен балаларға нұсқама беру — өрт болған жағдайда не істеу керектігі туралы арнайы қауіпсіздік нұсқаулығы өткізілгені жөн.

Эвакуациялық жолдар мен шығу есіктері ашық болуы тиіс — барлық жолдар бөгетсіз әрі қолжетімді болуы міндетті.

Өрттің алдын алу — тек лагерь әкімшілігінің ғана емес, әр қызметкер мен ата-ананың ортақ жауапкершілігі. Балаларға қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру де аса маңызды.

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі.

Өрт қауіпсіздік ережесін сақтаңыздар!



«БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ» ЖӘРМЕҢКЕСІ



Ескелді ауданының мәдениет үйінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробацация есебінде тұрған адамдарға арналған «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі ұйымдастырылды.Ескелді ауданы мансап орталығының ұйымдастыруымен Ескелді ауданының мәдениет үйінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробацация есебінде тұрған адамдарға арналған «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі ұйымдастырылып, өткізілді. Жәрмеңкеге 56 азамат, 7 жұмыс беруші қатысып 100-ге жуық бос жұмыс орындары ұсынылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты — қоғамға қайта бейімделу үдерісіндегі азаматтарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, тұрақты табыс көзіне ие болуына және әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету.

«Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесінің негізгі мақсаты:

- 1.Жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу
- Жұмыс іздеп жүрген адамдар мен жұмыс берушілерді тікелей байланыстыру арқылы жұмысқа орналасуға мүмкіндік жасау.
- 2.Әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету
- Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар, пробацация есебінде тұрғандар, жастар, көпбалалы аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар сияқты азаматтарға жұмыс табуға жағдай жасау.
- 3.Жұмыс берушілер мен кадр іздеушілерге тиімді алаң ұсыну
- Жұмыс берушілерге өз ұйымдарындағы бос жұмыс орындары туралы ақпаратты ашық ұсынуға және лайықты үміткерлерді тікелей таңдауына мүмкіндік беру.
- 4.Еңбек нарығы туралы кеңес беру
- Қатысушыларға еңбек заңнамасы, әлеуметтік қолдау шаралары, қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстары туралы ақпарат беру.
- 5.Азаматтардың экономикалық белсенділігін арттыру
- Жұмыссыздық деңгейін төмендетуге, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ету.

Жәрмеңкеге аудан аумағындағы бірқатар мемлекеттік мекемелер мен жеке кәсіпорындар қатысып, өз ұйымдарындағы бос жұмыс орындары туралы ақпарат ұсынды.Жәрмеңке барысында жұмыс берушілер тарапынан бос жұмыс орындары ұсынылып, пробацация қызметінде есепте тұрған тұлғаларға жұмыспен қамтудың белсенді шаралары түсіндірілді. Сонымен қатар, қатысушыларға еңбек заңнамасы, әлеуметтік қолдау шаралары мен қайта оқыту курстары туралы кеңестер берілді.

Мұндай жәрмеңкелер қоғамға қайта бейімделіп жатқан азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға және қылмыстың қайталануын болдырмауға бағытталған тиімді құрал болып табылады.

БАЛЫҚШЫ МЕН ӘЙЕЛІ

Теңіз жағасындағы жарбиған жаман лашықта балықшы мен әйелі өмір сүріпті. Балықшы күн сайын теңізге қармақ салып, балық аулайды екен. Ол бір күні әдеттегідей қармағын салып, толқындана жалтыраған судың сұлуесіне көз талдыра қараған бойы ұзақ отырған еді.

Кенет қармағына әлдене ілінген бойда тереңге қарай тарта жөнеледі. Балықшы жалма-жан бауды тарта бастайды. Сөйткенде қармаққа ілінген бір дәу камбала бұлқынып шығады.

Сонда балық оған адамша сөйлеп былай дейді: «Тыңдаңызшы мені, балықшым! Мені қармақтан босатып теңізге қайтарыңызшы, өтінем сізден! Мен – шыңдығында нағыз камбала емеспін, сиқырланып балыққа айналған ханзадамын. Сіз мені жеп қайтесіз? Менің етімнің дәмі де сізге ұнамас. Онан да мені суға қайтадан жіберіңіз, айдын-шалқарыма кері оралайын». «Жарайды, онда – дейді балықшы, – осыншама сөзіңді шығындап жалынып жатырсың ғой. Әрине, мен онсыз да өзіміздің тілімізде сайрап тұрған сендей балықты босатып жіберген болар едім». Ол осы сөзді айтады да, балықты суға салып, қармақтан босатып жібереді. Камбала болса ізінде шұбалған қанды жолақ қалдырып теңіздің тереңіне сүңгі берді. Суға біраз уақыт тесіле қарап тұрған балықшы өзінің жаман лашығында отырған әйеліне қарай беттеп, ілби жөнелді.

- Ал, қанеки, жұбайым, олжанды әкел, - дейді әйелі, - әлде бүгін қармағыңа ештеңе ілінбеді ме?

- Жоқ, ілінді – дейді балықшы, - бүгін бір дәу камбала ұстаған едім. Сөйтсем ол маған өзінің камбала емес, сиқырланған ханзада екенін айтқан соң, теңізге қайтадан босатып жібердім.

- Сонда сен өзін босатқаның үшін одан ешқандай ақы сұрамағаның ба? - дейді әйелі.

- Жоқ, менің одан не сұрауым керек еді сонда?

- Әй осы сені ме, - дейді әйелі, - мынау айнала сасық иісі мүңкіген саз-батпақтың ортасындағы жаман лашықта осылай қайырышы халде отыра береміз бе? Лашықтан гөрі оңтайлы баспана боларлықтай үйшік сұрамайдың ба? Сен отырма, балығыңа қайтадан бар. Балықты шақырып алып, бізге бір тамаша үйшік қажет екендігін айт. Мүмкін беріп қалар.

- Аһ, сені ме! - дейді балықшы, - ендеше мен кетейін тентіреп, солай қарай! - Сен ол балықты өзің ұстап алып, суға қайтадан босатып жіберген жоқсың ба? Сондықтан ол сен үшін барлығын жасауы керек емес пе?

Балықшының балыққа қайта баруға еш ықпалы болмаса да, әйеліне қарсы сөз айта алмай, теңізге қарай ілби басып кете барды. Ол теңізге келіп жеткенде, судың беті қарауытып тұр екен. Толқыны да таңертенгідей ақбауырлана жарқырап тұрған жоқ еді. Ол теңіз жағасында тұрып былай деп айқайлады:

Балығым-ау, балығым, Теңізге жүзген камбалам! Өтінішімен жарымның, Еріксіз келдім мен саған!

Осы кезде камбала жүзіп жетіп келіп балықшыдан: «Иә, сізге не қажет болып қалды?» - деп сұрайды.

«Иә, былай ғой, - дейді балықшы күмілжіп, - мен сені бүгін аулап едім ғой. Соны айтып едім, әйелім маған сенен сол өзінді босатып жібергенім үшін ақысына әлденені сұрап алуың керек еді деді. Сол үшін келіп тұрған жайым бар. Айтайын дегенім мынау еді: әйелім бұдан әрі жаман лашықта тұрмаймын, жаңа үйшікке көшіп, онда өмір сүреміз дейді.» - «Жарайды, ендеше, үйге бара беріңіз, - дейді камбала, - бәрі де сіздің айтқаныңыздай болады.»

Үйге қарай беттеп келе жатқан балықшы алдыңғы жағына қараса – әйелі мен өзі отыратын жарбиған жаман лашығы көрінбейді. Лашықтың орнында еңселі үй тұр екен. Әйелі үйдің алдындағы орындықта отыр екен.

Әйелі балықшыны қолынан ұстап үйге жетелеп келіп: «Үйге кіріп айнала көз жүгіртіп қарашы. Енді біз бұрынғыдан әлдеқайда жақсы өмір сүретін боламыз», - деді.

Сөйтіп олар үйлеріне кіреді. Үйдің ішінде үлкен сенек пен кең бөлмелер бар екен. Екеуінің керууеті орналасқан жатын бөлме, қоймалы шолан бар. Айнала толған сөрелер. Сөрелерге өздеріне не керектің бәрі салынған екен. Қалайы, мыс ыдыстардың бәрі самсап тізіліп тұр. Ал үйдің артқы жағында үйректер мен қаздарды бағытын аула, асқөк пен көкөніс егетін шағын бақшасы бар екен. «Қарашы, - дейді әйелі, - бұл дегенің тамаша емес пе?». «Иә, - дейді балықшы, - біз енді еш алансыз өмір сүретін боламыз.» - «Иә, бірақ, осы көре жатармыз әлі», - дейді әйелі. Сөйтіп олар кешкі астарын ішкен соң ұйқыға кіріседі.

Сөйтіп осылайша екі апта уақыт өткен кезде зайыбы жұбайына былай дейді: «Тыңдашы мені, жұбайым. Мына үйіміз бізге тым тарлық ете бастағанын, мынау аула мен бақша да тым шағын екенін байқап жүрмісің? Сенің әлгі камбала бізге бұдан үлкенірек үй сыйласа жақсы болар еді. Менің бұдан былай үлкен тас қамалда тұрғым келеді. Сен камбалаға барып, бізге тас қамал бер деп өтініш айт!» «Аһ, осы сені ме, зайыбым! – дейді балықшы. – Бізге мынау үй де әбден жарап тұр еді ғой. Ау сонда біз сол қамалда қалай өмір сүрмекшіміз?» - «Япырау, осы сен неге түсінбейсің айтқанды? Камбалаңа бар енді: оның қолынан бәрі келеді.» - «Жоқ, зайыбым! - дейді балықшы, - камбала осы жағында ғана бізге мына үйімізді сыйлаған жоқ па? Менің оған қайтадан баруға бетім жоқ: оның ашуланып қалуы мүмкін ғой.» - «Барсаңшы енді! – дейді әйелі. – Ол сен үшін бәрін де жасайды және шын ықыласымен жасайды! Кет енді!»

Балықшы әйелінің бұл қлығын жүрегіне соншама ауыр қабылдады. Оның мүлде барғысы жоқ еді. «Бұлай істеуге болмайды ғой!» - деді іштей. Бірақ ақырында бармауға амалы қалмады.

Ол теңізге келіп жеткен кезде, судың беті түңерге түскен екен. Бұрынғыдай ашық жасылдау емес, көкшіл-сұрғылт түске еніпті. Дегенмен әлі де болса толқындай қоймаған, тымық екен. Балықшы сонда жағада тұрып былай дейді:

Балығым-ау, балығым, Теңізге жүзген камбалам! Өтінішімен жарымның, Еріксіз келдім мен саған!

- Иә, әйеліңіз тағы нені қалап отыр? - деп сұрайды камбала. «Үа, балығым, былай ғой, - дейді қырынан қысылған балықшы, - ол енді үлкен тас қамалда тұрғысы келеді.» - «Бара беріңіз, қалауыңыз есіктің алдында тұр», - дейді камбала. Балықшы мұны естіп кері бұрылады. Үйіне таяп келіп қараса, алдында тұрған зәулім тас сарайды көреді. Әйелі қамалдың бір бүйірінде, сарайға кірмек болып тұр екен. Әйелі мұның қолынан ұстап: «Жүр, бірге кірейік», - деді.

Кірген соң айналаға көз салып қараса, қамалдың еденіне тұтастай мәрмәр тақта төселген екен. Әр бұрышта қызметшілер тұр. Олар бұл екеуіне айқара есік ашып қызмет көрсетуде. Әдемі тұсқағаздар жапсырылған қабырғалар жарқ-жүрқ етеді. Бөлмелердің әр тұсында алтын жалатылған орындықтар мен үстелдер қойылған. Төбеде хрусталь шамдалдар салбырап тұр. Әр тұсқа қалы кілемдер төселген. Үстел үсті дәмді тағамдар мен ең сапалы шараптарға толып тұр. Ал қамалдың артқы жағында атқора мен сиыр қорасы бар үлкен аула орналасқан екен. Қорада ең жүрдек жегін жылқылары мен арбалар тұр екен. Және сондай-ақ әсем гүлдер мен жеміс ағаштары самсаған үлкен әрі ғажайып бақ бар екен. Бақ аумағының көлемділігі сондай, қамалдан бері қарай шамамен жарты мильге созылып жатыр. Бақтың ішінде тола аңдар: бұғылар, жабайы ешкілер мен қояндар жүр. Қысқасы, мұнда жаның не қалайды соның бәрі бар екен.

- Қанеки, - дейді дән риза кейіптегі әйелі, - мұның бәрі тамаша емес пе? «А, иә! – дейді балықшы. - Осымен енді қотатайықшы. Бұдан былай осы ғажайып қамалда өмір сүретін боламыз. Енді бізде қамсыз өмір сүруге қажеттінің бәрі бар.» - «Иә, оны ойлану көре жатармыз», - дейді әйелі. Сөйтіп олар ұйқыға бас қояды.

Ертеңінде әйелі таң жарықтап қалғанда оянды. Төсегінде жатқан қалпы, қамалдың айналасында кеңінен көсілген берекетті, бақуатты еліне көз жіберді.

Күйеуі әлі де тұяқ серіппестен ұйықтап жатқан еді. Браздан соң әйелі күйеуін шынтағымен бүйірден түртіп-түртіп оятып алып, оған былай деді: «Жұбайым, төсегіңнен жыдам тұр да, терезеден айналғаға көз салып қарашы. Осы маған тағы бір ой келіп тұр: мынау байтақ елдің королі мен патшайымы болып алсақ тіптен жақсы емес пе а? Әлгі дәу балығыңа бар да, біздің король отбасы болғыңыз келетінін айт?»

«О, құдайым-ай, - дейді балықшы, - оу, біз қалайша король мен патшай-



ым болмақпыз? Мен ешқандай да король болмаймын!» - «Ал, сенің король болғың келмесе, ендеше менің патшайым болғым келеді. Шық енді, дәу балығыңа бар да менің патшайым болғым келетінін жеткіз.» - «Аһ, зайыбым-ау! Сен қалай патшайым болмақшысың сонда? Мен мұны оған тіпті де айта алмайды екенмін!» - «Неге айта алмайсың сен а? – деп айқайға басады әйелі. – Қазір жылдам жет оған – менің патшайым болғым келеді!»

Балықшы әйелінің жанынан алыстаған сайын, оның патшайым болмақ ниетіне қатты ұялып, амалсыз кетіп бара жатты. «Олай болмауы керек, олай болмауы керек!» - деп ойлады ол іштей. Сөйтіп теңізге қаншалықты барғысы келмей тұрса да, амалсыз жағалауға келіп жетті. Ол теңізге келген кезде, айдыңның беті қарақошқылданып толқындап жатыр екен. Суы да бұрынғыдан лайлана түскендей.

Балығым-ау, балығым, Теңізге жүзген камбалам! Өтінішімен жарымның, Еріксіз келдім мен саған!

- Иә, әйеліңіз тағы нені қалайды? – деп сұрайды камбала. «Үа, балығым, - дейді балықшы, - ол енді патшайым болсам дейді!»

- Үйге бара беріңіз, дәл әйеліңіздің айтқанындай болады, - дейді камбала. Балықшы үйіне беттейді. Келіп көз салып қараса, алдыңғы қамалдың көлемі барынша өңіп, бұрынғысынан анағұрлым кеңейіп, үлкейіп кетіпті. Қамалдың қақпасы биік әрі әдемі екен. Қақпаның алдында күзетшілер тұр. Қамалдың айналасы толған барабан мен керней ұстап самсаған әскерлер. Сарайдың ішіне кіріп көз жіберсе – жан жағы түгелдей алтын жалатылған мәрмәр, барқытпен безендірілген. Ішінде алтын тола дәу сандықтар жиналып тұр. Мұның алдынан залдың есігі айқара ашылды. Сарайда көпшілік қауым жиналып қалған екен. Ол алмаспен безендірілген еңселі алтын тақтың үстінде, басына биік алтын тәж киген, қолында таза алтынмен, асыл тастармен безендірілген асатаяғы бар өзінің әйелін көрді. Әйелінің екі жағында бірінен бірі өткен сұлу қыздар алты-алтыдан сап құрып тұр екен.

Балықшы әйелінің алдына келіп қол қусырып: «Ал, мінекей, зайыбым, сен енді патшайым атандың!» - дейді. «Иә, - дейді ол, - мен енді патшайыммын!»

Ол біраз уақыт өткенде әйелінің алдында кібіртктеп, көзіне жасқана тіктей қарап тұрып былай дейді: «Ал енді, зайыбым, осылай патшайым болып өмір сүргенің жақсы болар бәлкім? Енді ешқандай қалауың болмас деп ойлаймын!» - «Жоқ, жұбайым, - дейді сонда әйелі зілденіп, - мен патшайым болудан да жалықтым. Бұдан әрі патшайым болмаймын. Бар да, дәу балығыңа айт, мен қазір патшайыммын, енді кайзер болғым келеді.» - «Ау, зайыбым-ау! Кайзер болудың қажеті қанша еді саған!» - «Жұбайым! Дәу балығыңа барып айт: бітті, менің кайзер болуым керек!» - «Оу, мұның болмайды ғой! – деп үн қатады балықшы. – Ол сені кайзер қылып қоя алмайды: король көп, ал кайзер біреу ғана емес пе! Менің біліуімше, ол сені кайзер етіп қоя алмайды. Қолынан келмейді, қолынан ешқандай келмейді!» «Бұл не әдет өзі? Мен патшайыммын, ал сен бар болғаны – менің күйеуімісін. Маған қарсы келуге сенің қалай дәтің барады а? Қазір дереу балығыңа бар! Мені патшайым болғыза алған дәу балықтың қолынан кайзер қылып шығару да келеді! Естіп тұрсың ба, менің кайзер болғым келеді. Қазір-ақ дәу балығыңа барып айт!»

Мінеки, сөйтіп балықшы байғұстың теңізге тағы да баруына тура келді. Теңізге қарай беттеп келе жатып ол қалшылдай дірілдеп: «Іс насырға шауып барады! Мұның кайзер болғысы

келгені – мүлде ұяттан жұрдай болғаны ғой. Бұл әйел өзінің ақымақ іс-әрекеттерімен дәу балықты әбден жалықтыратын болды», - деп іштей ойлаумен болды.

Осылайша ойлай-ойлай ол теңізге де келіп жетті. Ал бұл кезде теңіз болса қарауыта түсіп, жел гулеп тұр екен. Судың бетінде көбікті толқындар сарпылдап, екпіні күшті жел балықшының үрейін ұшырып ысыра бастады. Балықшы жағалауда тұрып айқайға басады:

Б а л ы ғ ы м - а у , балығым,

Теңізге жүзген камбалам! Өтінішімен жарымның, Еріксіз келдім мен саған! «Иә, әйеліңіз тағы нені қалайды?» - деп сұрайды камбала. «Ау, камбала-жан! Әйелім енді кайзер болғысы келіп отыр!» - деді балықшы. «Әйеліңізге қарай қайта беріңіз, - дейді балық, - оның қалағаны болады.»

Балықшы сөйтіп үйіне беттейді. Таяп келіп қараса, алдында кып-жылтыр мәрмәрмен жылтырата қапталған, алебастр мүсіндер мен алтын жалатылған әшекейлерге толы еңселі де үлкен қамал тұр екен. Қамалға кіреп қақпаның алдында әскерлер кернейлерін бақылдатып, барабандарын ұрғылап, маршпен сап түзеп келеді. Қамалдың ішінде барондар мен графтар, герцогтар қызметшінің міндетін атқарып, әрі-бері зыр жүгіріп жүр: олар мұның алдынан есікті айқара ашты. Есіктер де таза алтыннан жасалған екен.

Залға кіріп келген кезде балықшы саф алтыннан құйылған еңсесі биік алтын тақтың үстінде отырған әйелін көрді. Басында үш қарсы биік, тұтастай гауһар мен жақұт тастармен безендірілген алтын тәж киген. Бір қолына асатаяқ, ал екінші қолына держава ұстаған. Тақтың екі жағында бірінен бірі өткен сымбатты, әрі ең ұзын еңгезердей үлкеннен, шынашақтай ергежейлісіне дейінгі бой ұзындығына қарай орналасқан күзетшілер екі қатардан сап құраған екен.

Тақтың алдында князьдер мен герцогинарлар тізіле мүлгіп тұр.

Әйелінің алдына келіп тұрып, күйеуі оған былай деді: «Ал, зайыбым, сен енді кайзер болдың!» - «Иә, мен енді кайзермін!», - деді әйелі. Ол әйеліне сүйсіне қарап тұрып: «Бәлкім, осы кайзер болып қала бергенің жақсы шығар?» - деді. «Ал, сен мұнда неғып тұрсың?» - дейді әйелі. – Мен міне кайзер болдым. Енді папа болғым келеді. Дәу балығыңа бар да, осыны айт». «Ау, зайыбым-ау! Тағы нені көсейі қалдың? Сен папа бола алмайсың: папа – бүкіл католик әлемінде біреу ғана ғой! Дәу балықтың қолынан бұл келмейді!» - «Жұбайым! – дейді әйелі. – Менің папа болғым келеді! Қазір дереу теңізге жөнел! Дәл бүгін папа болғым келеді!» - «Жоқ зайыбым, дәу балыққа мұны айтуға менің дәтім жетпейді! Бұл ойың дұрыс емес, иә бұл ойың тым өрескел: камбала сені папа ете алмайды!» - «Кайзер болғызу қолынан келген соң, папа да болғыза алады! - дейді әйелі. – Қазір дереу теңізге бар! Мен кайзермін, ал сен – менің күйеуімісің! Барасың ба, жоқ па өзі?». Әйелінен қорқып кеткен балықшы, көңіл-күйі әбден түсіп, бейне ыстығы көтерілгендей қалтырап, екі тізесі дірілдеп ілбіп барады.

Ол теңізге жеткен кезде, теңіздің үстінде аспандағы бұлттарды қуалай соққан қатты жел гулеп, батыс жақта аспан түнеріп, ағаштардың жапырағы сытырлай жұпынып, теңіз толқындары жағаға шалп-шұлп соғылып, алыста көрінген кемелер толқынмен шайқала қалқақтап жүзіп келе жатыр еді. Дегенмен бұлттардың арасынан аядай болса да зәңгір аспан жылп етіп көрініп қалады. Оңтүстік жақтан дауыл келе жатқаны да анық аңғарылып тұрды. Үрейі ұша қорыққан балықшы жағада тұрып былай деп айқай салды:

Балығым-ау, балығым, Теңізге жүзген камбалам! Өтінішімен жарымның, Еріксіз келдім мен саған!

«Иә, әйеліңіз тағы нені қалайды?» - дейді камбала. «Аһ, балығым- дейді балықшы, - әйелім енді дінбасы – папа болғысы келеді!» - «Бара беріңіз үйіңізге, әйеліңіздің қалауы орындалады», - дейді камбала.

Балықшы кері оралғанда алдында жан жағын сарайлар қоршаған өте

үлкен кирха (шіркеу) тұрғанын көреді. Қаптаған қалың топтың арасынан әрең дегенде ары қарай өтіп шығады.

Кірханың ішінде жағылған мың-мыңдаған шамдар самаладай жарқырайды. Үстіне таза алтыннан жасалған киім киген, басында үш айыр үлкен алтын тәжі жарқыраған әйелі биік тақта отыр екен. Айналасы тола - мәртебелі дінбасылар. Тақтың екі жағында ең үлкені дәу бөренедей, ең кішкентайы – болмашы жылтыраған шырақтай көлемдегі шамдар екі қатар бойлай жағылған екен. Ал кайзерлер мен корольдер папаның алдында тізе бүгіп отырып, оның етігін сүйөде.

- Зайыбым, - дейді балықшы, әйелінің қарап, - сен шамасы папа болдың ғой сонда?

- Иә, мен енді папамын! Ол әйеліне көз салып еді, өзін бейне қызғылт сары күнге қарағандай сезінді. Біраз уақыт өткен соң балықшы әйеліне: «Ау, жан жарым, папа болған жақсы шығар енді?» - деді. Әйелі болса күйеуінің қарсы алдында орнынан қозғалмай мелшиген қалпы қаққан қазықтай болып отырды. Сонда күйеуі: «Зайыбым! Енді осыған ризасың ба? Сен енді папа болдың, бұдан әрі ешкім болғың келе қоймас?» - дейді. «Иә, мен осы жөнінде әлі ойлануып отырмын», - деп жауап береді сонда әйелі.

Осыдан кейін олар ұйықтауға бет алады. Алайда әйелі қолындағы бұл билікке әлі де қанағаттана қойған жоқ еді. Оның ашкәздігі өзіне ұйқы бермейтін болды. Ол әрдайым осыдан кейін енді әлі де қандай билік иесі болсам екен дегенді ойлап жатты.

Күні бойы жаяу жүріп қалжыраған күйеуі қалың ұйқыға кетті. Ал әйелі болса керісінше, екі бүйіріне кезек-кезек аунап, енді тағы қандай тілек орындатсам деп түнімен дөңбекшісе де, ештеңе ойлап таба алмапты.

Сөйтіп жатып, таң атқан кезде, ол атқан күннің шапағын көрді. Төсегінің шетіне жылжып келіп отырған қалпы, көюкиекке көтеріліп келе жатқан күнге терезеден телмірумен болды.

«А, иә, - деп ойлады ол, - Күн шығуы мен Айдың тууына неге өмірімді жүргізе алмайды екенмін осы?»

Сөйтеді де: «Жұбайым, ау, жұбайым! - дейді ол күйеуін шынтағымен бүйірден түрткілеп оята бастады. – Тұр, оян! Тағы да дәу балығыңа бар. Бар да айт, менің енді Құдай болғым келеді!»

Оянып кеткен күйеуі ұйқысын әлі аша қойған жоқ еді. Сонда да әйелінің бұл сөзін шала-пұла ести сала төсегінен қарғып тұрды. Ол мұны қате естідім деп ойлады. Көзін уқалап жіберіп әйеліне: «Әй, зайыбым, сен осы жаңа не айттың?» - деді. «Жұбайым, - деді әйелі, - мен Күннің шығуына, Айдың тууына өмір жүргізе алмайды екенмін ғой. Күннің қалай шығатыны мен Айдың қалай туатынын көре алмайды екенмін. Енді бұдан былай Ай мен Күнге өз өмірімді жүргізгенге дейін мүлде тыныштық табар емеспін!»

Осыны айтып ол күйеуіне қараған кезде, бұл етінен сүйегінен дейін суық өткендей қалтырап тұрған еді. «Дәл қазір теңізге жөнел! Менің дәл Құдайдың өзі болғым келеді!» - «Ау, зайыбым! - деп айқайлап жібереді балықшы. Сөйтеді де етпетінен түсіп оның аяғына жығылады. – Камбала мұны жасай алмайды ғой! Сені кайзер де, папа да қылу оны қолынан келді. Ал енді мен қазір сенен жалынып сұраймын. Ақылға келші, осы папа қалпыңда қала берші!»Осы кезде ашудыздан басындағы шашы үрліп кеткен әйелі бар даусымен шарылдап айқайға басты: «Менімен былайша сөйлесуге қалай батылың жетті сенің! Олай болмайды! Тез кет, бар балығыңа!»

Зәресі ұшқан балықшы есін жиып алды да, жыңды адамдай сенделіп теңізге қарай ілбіді. Теңізге бұл кезде күшті дауыл тұрған екен, екпіні күштілігі соншама, мұны ұшырып кете жаздады: үйлер мен ағаштар күтірлей құлап, таулар мүжіле шайқалып, жартастар шытынай жарылып теңізге жұтылып жатыр. Аспан қап-қара болып түнерген, күн шатырлай күркіреп, найзағай жарқылдай ойнайды. Теңіздің бетіне ақ көбік атқан таудай биік толқындар көтеріліпті. Жағаға жеткен соң бар даусымен айқайлаған балықшы тіпті өзі айтқан сөзін әрең естіп тұр.

Балығым-ау, балығым, Теңізге жүзген камбалам! Өтінішімен жарымның, Еріксіз келдім мен саған! «Иә, әйеліңіз тағы нені қалайды?» - деп сұрайды камбала. - Өттең, балығым - деп міңгірлейді балықшы, - енді ол басқа емес Жаратушы Құдайдың өзі болғысы келеді оның! - Қамықпаңыз, үйіңізге қайта беріңіз, әйеліңіз өздеріңіздің бәз-баяғы лашықтарыңызда отыратын болады!»

...Олар әлі сол лашықта тұрады екен, телміріп көк теңізге қарайды екен.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ ҚОҢЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

№ 130 учаскелік сайлау комиссиясы
Комиссия төрағасы - Азибаева Райхан Байдүйсенқызы;
Комиссия төрағасының орынбасары - Жайсанбаев Талғат Сердалыұлы;
Комиссия хатшысы - Умирбекова Жазира Әлкенқызы;
Комиссия мүшелері: Есжанова Айгүл Нұртлеуқызы, Көбегенова Марал Көшербайқызы.
№ 131 учаскелік сайлау комиссиясы
Комиссия төрағасы - Намазбаев Қайрат Байдүйсенұлы;
Комиссия төрағасының орынбасары – Калиев Ернұр Нұрболатұлы;
Комиссия хатшысы – Абдрашева Мадина Айдарқызы;
Комиссия мүшелері: Кенесарова Бақытгүл Қадырмолдақызы, Кусанов Айдос Маратбекұлы.

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА КАНДИДАТА В АКИМЫ КОҢЫРСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ЕРЖАНОВА СЫРЫМА ЕЛУБЕКОВИЧА



Уважаемые земляки!
Родившись и выросши в селе Коңыр, я всегда чувствовал особую ответственность перед своими односельчанами и своей малой родиной. Став кандидатом на должность акима сельского округа, я иду на выборы с искренним желанием служить людям, опираясь на свой многолетний управленческий и военный опыт.
Если вы доверите мне честь быть избранным акимом, моя работа будет направлена на устойчивое развитие села, улучшение качества жизни сельчан, сохранение наших традиций и обеспечение будущего для наших детей.
Краткая информация

обо мне
Ержанов Сырым Елубекевич родился 9 января 1980 года в селе Коңыр, Капальского района, Талдыкорганской области.
Семейное положение: женат, отец четверых детей
Образование и служба:
- Казахский национальный аграрный университет (2006 г.), специальность: товароведение и экспертиза товаров
- Национальный университет обороны РК им. Первого Президента (2018 г.), специальность: логистика в военном деле
С 1999 года прошёл путь от старшины до командира воинской части. Имею более 20 лет выслуги в Вооруженных Силах РК. Работал в разных уголках страны: Конаев, Астана, Алматы, ВКО. Военную карьеру завершил в 2023 году в звании майора.
В настоящее время проживаю в родном селе Коңыр, активно участвую в общественной жизни, помогаю жителям, организую мероприятия, продвигаю инициативы по улучшению условий жизни сельчан.
Основные приоритеты моей программы:
1. Реализация Послания Президента.
Буду активно внедрять и продвигать инициативы Президента Касым-Жомарта Токаева среди населения, обеспечивая практическое выполнение задач, поставленных на государственном уровне.
2. Привлечение молодых кадров.
Создание условий для возвращения и закрепления молодых, образованных специалистов в селе. Поддержка молодежных инициатив, развитие потенциала молодых семей.
3. Поддержка предпринимательства.
Создание рабочих мест через открытие новых объектов: аптеки, парикмахерской, швейной мастерской, мини-ЦОНа, автозаправочного пункта.
4. Развитие инфраструктуры.
Улучшение системы водоснабжения. Строительство и ремонт дорог.
5. Качественное медицинское обслуживание.
Обеспечение своевременного и доступного медицинского сопровождения населения.
6. Досуг и спорт для всех.
Строительство детских и спортивных площадок. Открытие кружков и секций: танцы, айтыс, вокал, борьба, настольный теннис, шахматы.
7. Поддержка фермеров и пайщиков.
Обеспечение взаимодействия с учеными, консультационная помощь по вопросам агротехнологий и развития сельского хозяйства.
Обращение к избирателям:
Я верю, что только через единство, честную работу и открытый диалог с населением мы сможем изменить наше село к лучшему. У меня есть знание, опыт и главное — искреннее желание служить своему народу.
Голосуйте за будущее села Коңыр!
Голосуйте за стабильность, развитие и заботу о каждом!
Голосуйте за Ержанова Сырыма Елубекевича!

ҚОҢЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ КАНДИДАТ ҚУЛАХМЕТОВ АРАЙ ЕЛУБЕКҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Құрметті Қоңыр ауылдық округінің сайлаушылары!
Мен, Арай Құлахметов, Қоңыр ауылында туып-өстім. Бала кезден ата-анам мені адалдыққа, еңбек сүйгіштікке, туған жерді сүюге тәрбиелеп өсірді. Заңгер мамандығы бойынша жоғары білім алғаннан кейін, туған жердің дамуына үлесімді қосуға бел будым.
Сол себептен, еңбек жолымды Қоңыр ауылдық округінің әкімдігінде бас маман ретінде бастап, кейін сол ауылдық округінің әкімі болып тағайындалдым.
Елмен етене араласып жүргендіктен, ауыл тұрғындарының күн сайынғы қажеттіліктерін біріксідей білемін. Қоңыр, Көктөбе ауылдарына газ құбыры, жолдардың нашарлығы, көшелер жолдар мен жарықтандыруды қажет етіп тұрғаны бәрімізді де толғандырып тұр. Әкімдік қызметіндегі тәжірибем маған ауыл өмірінің шынайы болмысын, тұрғындардың мұқтаждықтары мен үміттерін терең түсінуге мүмкіндік берді. Ендігі мақсат – сол үміттерді ақтау. Мен осы мәселелерді шешудің жолдарын, ауыл өмірін қалайша жақсартуға болатынын білемін! Бұл үшін маған сіздердің қолдауларыңыз қажет!
Мені Қоңыр ауылдық округінің әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда:
-2029 жылға дейін Қоңыр, Алмалы, Көктөбе ауылдарының ауыл іші жолдарына жөндеу жұмыстарын жүргіземін;
-2029 жылға дейін ауыл көшелеріне жарық шамдарын орнатамын;
-2029 жылға дейін Қоңыр, Көктөбе ауылдарына газ құбыры жүйелерін жүргіземін;
-Ауылдан шыққан танымал тұлғалардың мәдени-рухани мұрасын насихаттауға ат салысамын;
-«Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында білікті жас мамандарды ауылға тартамын;
-«Бизнес бастау» жобалары іспетті жобаларды ауылға тартып, тұрғындардың шағын бизнес ашуына үлесімді қосамын;
Жастарға арналған спорттық дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға бар күшімді саламын

ҚОҢЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ КАНДИДАТ БЕКБУЛҒАНОВ РИНАТ КАЙРОШЕВИЧТИҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Бекбулғанов Ринат Кайрошевич, 16 тамыз 1990 жылы Алматы облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылында дүниеге келдім.
Еңбек жолымды 2011 жылғы 08 сәуірде «Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Ескелді ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ғұмаратқа қызмет көрсетуші болып жұмыс атқардым.
2015 жылғы 19 ақпанда «Ескелді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің келісім шарт негізінде инспекторы лауазымында қызмет атқардым.
2016 жылдың 10 қазанда конкурстың нәтижесінде «Текелі қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің бас маманның міндетін атқарушысы болып жұмыс атқардым.
2016 жылдың 14 желтоқсанынан бастап конкурстың нәтижесінде «Текелі қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің бас маманы лауазымына орналастым.
2018 жылдың 27 тамызынан бастап конкурстың нәтижесінде «Текелі қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің бас инспектордың міндетін атқарушы лауазымына тағайындалдым.
2018 жылдың 24 қыркүйегінен бастап конкурстың нәтижесінде «Текелі қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру-инспекторлық жұмысы бөлімінің бас инспекторы лауазымына тағайындалдым.
2018 жылы 12 қазанынан бастап конкурстың нәтижесінде «Ескелді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімшесінің бөлімше басшысы лауазымына тағайындалдым.
2021 жылдың 03 желтоқсанынан бастап конкурстың нәтижесінде «Ескелді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жалпы және қаржы шаруашылық бөлімшесінің бөлімше басшысы лауазымында осы күнге дейін қызмет атқарамын.

Сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫ:
Ауылдық округі әкіміне үміткер ретінде ұсына отырып, ауылдық округ тұрғындары алдындағы үлкен жауапкершілікті терең түсінемін. Әкім тәжірибелі басқарушы-шаруашылық жүргізуші болуы тиіс деп білемін. Сондықтан ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешу үшін бар күш-жігерімді жұмсауға және мемлекеттік қызметте еңбек еткен кезеңдегі жинақталған барлық тәжірибе мен білімді қолдануға ниеттенемін. Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің тапсырмаларын орындау мен ауылда мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру менің сайлауалды бағдарламамның негізгі мақсатміндеттері болып табылады.
Менің сайлауалды бағдарламам Қоңыр ауылдық округінің тұрғындарын толғандыратын келесі мәселелерді жүзеге асыруды қамтиды:
Ауылдық округтің тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз етуге бағытталған жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға;
Заң талаптарын қатаң сақтай отырып, ауыл тұртындарының сұраныстары, өтініштері мен арыз-шағымдарына уақытылы зерттеу жүргізу, заң аясында шешімін табуға жұмыс жасау, орындаушылық тәртіпті күшейту;
Жаңа жұмыс орындарын құруға және округ экономикасына инвестициялық жобаларды тарту жолдарын іздеймін;
Елді мекендерді санитарлық тазарту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын өз деңгейінде жүргізу, жыл сайын ағаш егуді жетілдіру, жасыл аймақ аумақтарын көбейту жұмыстарын жүргізу;
Ауылдық округті абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау бойынша жұмыстарын күшейтуге
Ә л е у м е т т і к - э к о н о м и к а л ы қ мәселелерді шешу бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларымен, кәсіпкерлермен жұмыс жүргізу;
Аудан басшылығының қолдауымен ауылдағы көше жолдарының жөндеу жұмыстарын, электр жүйесі қызметін жақсарту, әкімшілік ғұмаратының жаңадан салынуын іс-жүзінде жүзеге асырылуын көздеймін;
Қоғамның ең қозғаушы күші жастармен қоғамдық кеңес құру арқылы ауыл жастарының белсенділігін арттыру; Жастардың белгілі бір кәсіптік білім алуына, өз бейімділіктері мен мамандықтарына орай жұмысқа орналасуына жағдай жасау. Ол үшін «Дипломмен ауылға» бағдарламасын қолдау және облыс, аудан орталықтарындағы білімді, білікті мұғалім, дәрігер мәдениет саласының кадрларымен тығыз байланыс орнатуды жолға қою;
Ең бастысы, халықтың қолдауымен, ауызбіршілікпен барлық міндеттер жүзеге асырылады деп ойлаймын. Жаңа Қазақстанды құруға бірге ат салысайық.



ҚОҢЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ КАНДИДАТ НҰРҒАМИТОВ БАУЫРЖАН КӘДІРАҚЫНҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Құрметті Қоңыр ауылдық округінің сайлаушылары!
Мен, Нұрғамитов Бауыржан Кәдірақынұлы, 1991 жылдың 31 мамырында қазіргі Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қоңыр ауылында дүниеге келдім.
1998-2009 жылдар аралығында Қоңыр орта мектебінде оқыдым.
2009-2011жылдары Талдықорған экономика-технологиялық колледжінде «Қаржыгер экономист» мамандығы бойынша білім алдым.
2017-2021 жылдары Қуатбеков университетінде «Дефектолог» мамандығын оқыдым.
2021-2023 жылдары Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде «География – Тарих» мамандығы бойынша бакалар ғылыми дәрежесін алдым.
Еңбек жолымды 2014-2016 жылдары «Қоңыр ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ жастар саясаты бойынша әдіскер нұсқаушы болып бастадым, 2019 жылдан бастап Қоңыр орта мектебінде ұстаздық қызметін атқарып келемін.
Қымбатты Қоңыр ауылдық округінің тұрғындары! Өзімді ауылдық округ әкіміне үміткер ретінде ұсынамын.
Елмен етене араласып жүргендіктен, Қоңыр ауылдық округінің тұрғындарының күн сайынғы қажеттілігін жақсы білемін. Ауыл ішіндегі жолдардың нашарлығы, жарықтандыру мәселесі, ауылымыздың тазалығы бәрімізді толғандырып тұр. Осы бағытта тұрғындардың өмір – сүру сапасын жақсарту бағытында тиісті

жұмыстар жүргізуді көздеп отырмын.
Ауылымыздың бай тарихы, мәдениеті мен дәстүрі біздің ортақ құндылығымыз, сондықтан мен осы құндылықтарды сақтау және дамыту үшін ат салысуды жөн көремін. Басты мақсатым, Сіздермен бірге ауылымызда өмір сүру сапасын арттырып, жастардың болашағын қамтамасыз ету. Әрқашан сіздермен тығыз байланыста болып, туындаған мәселелерді бірге шешуге дайынмын. Менің бағдарламам бұл тек сөз емес, нақты әрекеттер мен болашаққа бағытталған нақты жоспар.
Ауылымызды бірге дамытайық! Сіздердің қолдауларыңызбен ауылымызды одан әрі көркейтуге мүмкіндік аламыз.
Мен осы мәселелерді шешудің жолдарын, ауыл өмірін қалайша жақсартуға болатынын білемін! Бұл үшін маған сіздердің қолдауларыңыз қажет!!!
Маған сенім артып, ауыл әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда:
- Қоңыр, Көктөбе, Алмалы ауылдарының ауылышілік жолдарына жөндеу жұмыстары жүргізіледі;
- Көп балалы, табысы төмен әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, жалғыз басты қарттарға қолдау көрсетемін.
-Округтегі білім, денсаулық және мәдениет салаларының халыққа қызмет жасауына атсалысу және олардың материалдық-техникалық базасының жаңаруына барынша қолдау көрсетемін.
-Округ жастарының рухани патриоттық тәрбиесі, спортқа деген қызығушылығын арттыруы және олардың салауатты өмір салтын ұстануын насихаттап, ауылдық спортты дамытуға барлық күш – жігерімді жұмсаймын.
- Ауылшаруашылығына арналған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін ат салысамын. Ша-руа қожалықтарының төрағаларына өз құзырымдағы мәселелер бойынша құқықтық кеңестер беріп, не-сие ресурстарына қол жетімділігі туралы ақпараттармен қамтамасыз етемін.
- Мал дәрігерлерінің қызметін бақылауда ұстау, округтегі төрт-түлік және үй жануарларының ау-рулары мен азықтан улануын зерделеуге, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау, эпизоотия мониторингін қадағалау. Ауыл тұрғындарының мал жайылымы туралы туындаған мәселелерін шешу;
- Учаскелік полициясымен бірлесе, қоғамдық орындарда тәртіптің сақталуы мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау және ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін сақтау мақсатында жүйелі жұмыс атқарамын;
- Жасөспірімдерге арналған мәдени және спорттық шаралар, клубтар мен үйірмелерді дамыту;
- Қоршаған ортаны қорғау, қоқыс тастау алаңдарын ретке келтіру, су айдындарын тазарту;
- «Бизнес бастау» сияқты жобалар арқылы ауыл тұрғындарының шағын бизнес ашуына көмек көрсету.
Менің бағдарламам тек сөз емес, нақты әрекеттер мен болашаққа бағытталған жоспар. Сіздердің қолдауларыңызбен ауылымызды бірге дамытып,өмір сапасын арттырып, ауылымызды гүлдендіруге мүмкіндік аламыз. Сіздердің қолдауларыңызға сенемін! Мен үшін және біздің балаларымыздың кемел келешегі үшін Қоңыр ауылдық округ тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін жақсарту және округті да-мытуға өте маңызды және менің азаматтық борышым деп білемін! Менің сайлауалды бағдарламамды қолдаңыздар!!!
Сіздердің дауыстарыңыз округіміздің болашағы үшін маңызды!
Сіздерді округ әкімінің сайлауына қатысуға шақырамын!

КАКАЯ МЕДПОМОЩЬ ПОЛОЖЕНА НЕЗАСТРАХОВАННЫМ

Порядка 1,63 трлн тенге предусмотрено на медицинские услуги, которые входят в гарантированный объем мед-помощи. Она оказывается бесплатно, даже если пациент не застрахован.
Гарантированный объем бесплатной медицинской помощи предоставляется за счет бюджетных средств. На ГОБМП могут рассчитывать граждане Республики Казахстан, кандасы, беженцы, иностранцы и лица без гражданства, постоянно проживающие на территории РК и имеющие вид на жительство. Что касается иностранцев и лиц без гражданства, временно пребывающих в РК, а также лиц, ищущих убежища, они имеют право на получение ГОБМП при заболеваниях, представляющих опасность для окружающих. «Всего на финансирование медицинских услуг в 2025 году выделено 2,96 трлн тенге, из которых 1,63 трлн тенге – на медицинские услуги в пакете ГОБМП и 1,33 трлн тенге – в пакете ОСМС. Многие ошибочно полагают, что без статуса застрахованного в поликлинике не примут. Однако есть перечень медицинских услуг, которые будут оказаны независимо от статуса в ОСМС», – отметила заместитель председателя правления ФСМС Индира Саркенова.
Итак, что входит в ГОБМП?
1)Скорая медицинская помощь: помимо вызова бригады скорой помощи, сюда также относятся услуги санитарной авиации.
2) Первичная медико-санитарная помощь: прием участкового врача (ВОПа, терапевта, педиатра, медсестры), диагностика, лечение и управление наиболее распространенными заболеваниями, профилактические осмотры целевых групп населения, иммунизация, раннее выявление и мониторинг поведенческих факторов риска заболеваний, формирование и пропаганда здо-рового образа жизни, мероприятия по охране репродуктивного здоровья, наблюдение за беременными и родильницами в по-слеродовом периоде.
3) Специализированная медицинская помощь в амбулаторных условиях: профилактика и диагностика ВИЧ-инфекции и тубер-кулеза, диагностика и лечение при социально значимых и хронических заболеваниях, медуслуги при травмах, отравлениях или других неотложных состояниях.
4) Специализированная медицинская помощь в стационарозамещающих условиях: услуги дневного стационара лицам с со-циально значимыми и хроническими заболеваниями.
5) Специализированная медицинская помощь в стационарных условиях: госпитализация по экстренным показаниям, лечение и диагностика в приемном отделении стационара при экстренной госпитализации, плановая госпитализация при социально значимых и орфанных заболеваниях, изоляция лиц, контактировавших с больным инфекционным или паразитарным заболева-нием, представляющим опасность для окружающих, госпитализация лиц с подозрением или с установленным инфекционным либо паразитарным заболеванием.
6) Медицинская реабилитация: в ГОБМП проводится медицинская реабилитация больных туберкулезом.
7) Паллиативная медицинская помощь по перечню заболеваний, определяемом уполномоченным органом.
8) Обеспечение препаратами крови и ее компонентами
9) Патологоанатомическая диагностика
10) Подготовка посмертного донора к изъятию органов или тканей, изъятие, консервация, заготовка, хранение, транспортиров-ка органов и тканей для трансплантации.
Пациентам также доступно льготное амбулаторное обеспечение лекарствами и медицинскими изделиями при определенных хронических заболеваниях, указанных в перечне МЗ РК. Напомним, гражданам доступны эти медицинские услуги, независимо от статуса в ОСМС. Если же вы столкнулись с непропорциональными отказами в медпомощи, стоит обратиться в Службу поддержки пациента, которые есть в каждой поликлинике и больнице. Там помогут решить вопрос на месте. В случае отсутствия понимания со стороны медорганизации, можно направить обращение в Фонд социального медицинского страхования.

Филиал по области Жетісу
НАО «Фонд социального медицинского страхования»

БЖЗҚ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ САУАЛДАР



БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын кесте бойынша төлеу: қалай есептеледі және қайда жүгіну керек

1)Кесте бойынша БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын алуға кімдер құқылы?
Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес БЖЗҚ-дан белгіленген кесте бойынша міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ) есебінен БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдарға ай сайын зейнетақы төлемдері жасалады:
- зейнет жасына жеткендерге (ерлер – 63 жас, әйелдер – 61 жас (2028 жылдан бастап жыл сайын 6 айға ұзарып, 2031 жылы 63 жас болады));
- 55 жасқа жеткендерге (кәсіптері уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен өндірістердің, жұмыстардың, жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесінде көзделген еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда еңбек қызметі тоқтатылған жағдайда, зейнетақы төлеміне жүгінген кезде жиынтығында кемінде 84 күнтізбелік ай МКЗЖ төленген болса);
- мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдарға, БЖЗҚ-дан төлемдер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.
2)Кесте бойынша төлемдер қалай есептеледі?
Кесте бойынша төлемдер келесідей есептеледі: төлемдерді алатын бірінші жылы зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының төлем мөлшерлемесіне – 6,5%-ға көбейтіліп, 12-ге бөлінеді. Келесі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері зейнетақы төлемдерін индекс-теу мөлшерлемесіне – 5%-ға өседі. Бұл ретте БЖЗҚ-дан жасалатын ай сайынғы зейнетақы төлем республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылы-на белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің (бұдан әрі - ҚД) кемінде 70% мөлшерінде болады (2025 жылы ҚД 46 228 теңге).
Белгілі бір санаттағы төем алушылар үшін: мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар, сондай-ақ зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеген, жинақтары жиынтығында кемінде алпыс ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған адамдар үшін Әдістемеде ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін арттыратын түзету коэффициенттері көзделген. Бұл шарттардың біреуінен астамын қанағаттандыратын тұлғалар үшін ең жоғары мәні бар түзету коэффициенті қолданылады.
55 жасқа толған тұлғаларға зейнетақы төлемдерін есептеу және төлем жа-сау, сондай-ақ олар үшін жиынтығында кемінде 84 ай МКЗЖ төлеу кезінде:
- зейнетақы төлемін жүзеге асыру үшін ҚД кемінде 70% мөлшеріндегі шегі қолданылмайды;
- түзету коэффициенттері қолданылмайды;
- кезекті зейнетақы төлемінің сомасымен бірге ҚД-нің 70%-дан кем мөлшеріндегі жеке зейнетақы шотындағы қалдық төленбейді.
Айта кету керек, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.
Егер БЖЗҚ-дан төлем жасау күніндегі зейнетақы жинақтарының сома-сы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаса (2025 жылы 753 252 теңге = 62 771х12), төлем бір рет толығымен жасалады.
3)Зейнет жасына жетуге байланысты БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарын алу үшін қайда және қашан жүгіну керек?
Зейнетақы жасына жетуіне байланысты зейнетақы жарналарының міндетті түрлері есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін тағайындау, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетақы тағайындау үшін төлемдерді алушылар тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) уақтылы жүгінуі қажет. Мұны зейнеткерлік жасқа 10 күн қалғанда жасауға болады. Жасына байла-нысты зейнетақы төлемдерінің барлық түрлері өтініш берілген күннен бастап жүргізіледі. Бұл ретте егер алушы зейнеткерлік жасқа толған болса, өтініштің және қажетті құжаттардың ХҚКО-да тіркелген күні өтініш берілген күн болып есептеледі, ал егер ол ертерек жүгінген болса – зейнеткерлік жасқа толған күн өтініш берілген күн болып есептеледі. Бюджеттен төлемдер алу үшін уақтылы жүгіну өте маңызды, оны тағайындау үшін алушы ұсынған құжаттар бойынша еңбек өтілін тексеру қажет. Бюджет қаражаты есебінен зейнетақы төлемдері өмір бойы, ал БЖЗҚ-дан алушының зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.
4)Зейнетақы төлемдерін уақтылы ресімдеу қажеттілігі туралы алдын ала ескерту жасала ма?
Телефон нөмірлері еgov мобильді азаматтар базасында тіркелген болашақ зейнеткерлерге (әлеуетті алушыларға) 1414 нөмірінен зейнеткерлік жасқа толғанға дейін 2 ай бұрын egov.kz сайтындағы құжаттар тізбесіне сілтеме жасай отырып, зейнетақы төлемдерін тағайындау жөніндегі қызметтерді алу үшін Мемлекеттік корпорацияның жақын маңдағы бөлімшесіне уақтылы жүгіну мүмкіндігі туралы SMS-хабарлама жіберіледі. Яғни мемлекеттік орган-дар зейнетақы төлемдерін белгілеген мерзімде ресімдеу үшін тиісті хабарла-малар жібереді, өйткені өткізіп алған кезең үшін төлемдер тағайындалмайды.
Сондай-ақ, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жасау бойынша белсенді қызмет көрсету мақсатында зейнеткерлік жасқа толған, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және оларды алуға өтініш білдірмеген тұлғаларға қатысты БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп осы азаматтарда жасына бай-ланысты тағайындалған зейнетақы төлемдерінің және бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің бар-жоғын жыл сай-ын салыстырып, тексеру жүргізеді. Жыл сайын жүргізілетін тексерулердің нәтижелері бойынша бюджет қаражаты есебінен тағайындалған зейнетақы төлемдері бар адамдар анықталған кезде БЖЗҚ оларға мемлекеттік кор-порациямен жасалған тиісті келісім шеңберінде, яғни өтінішсіз зейнетақы төлемдерін жасайды.
5)Мерзімсіз 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы жинақтарын алу үшін қайда жүгінуге болады?
Мерзімсіз 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы жинақтарын алу үшін БЖЗҚ бөлімшелеріне немесе сайттағы (enpf.kz) жеке кабинет арқылы немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдала-на отырып, БЖЗҚ мобильді қосымшасында жүгіну қажет.
БЖЗҚ-да мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адам-дар үшін көшпелі қызмет көрсетудің ұйымдастырылғанына назар аударамыз. Бұл ретте алдын ала кеңес беру, оның ішінде қызметтерді үйден шықпай, қашықтан алу мүмкіндігінің бар-жоғын тексеру жүзеге асырылады.
6)БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін қажет құжаттар тізбесімен қайдан танысуға болады?
enpf.kz сайтында «қызметтер – зейнетақы төлемдері» бөлімінде зейнетақы төлемдерінің түріне және оларды беру тәсіліне байланысты қажетті құжаттардың тізбесі, оларды ресімдеуге қойылатын талаптар, өтініш бланкілері және оларды толтыру үлгілері, сенімхат үлгісі орналастырылған. «Онлайн-сервистер» бөлімінде БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне жіберілетін құжаттарды алдын ала тексеру мүмкіндігі бар («төлеуге арналған құжаттарды алдын ала тексеру» сервисінің атауы: <https://www.enpf.kz/ru/elektronnye-servisy/checkdoc.php>

ТҰТЫНУШЫЛАРҒА САПАЛЫ МАЛ ӨНІМІ



Қай заман, қай қоғамда да адамның денсаулығын қорғау алғашқы міндеттердің бірі саналып келген. Бұл қағидат бүгін де маңызды екені белгілі.

«Адам дәрігері адамды емдесе, мал дәрігері бүкіл адамзатты емдейді» деген қанатты сөз өзектілігін жойған жоқ.

Ауданда халық жиі тұтынатын ет өнімдерін дайындау, сақтау, сатумен «Айша», «Ет дүкені», «Мясная лавка» және «Светофор» дүкендері, сол сияқты әр жексенбі күндері Қарабұлақ ауылында «Орталық» базар аумағында ауыл шаруашылық жануарлар және жануарлардан алынатын өнімдерді сату ұйымдастырылған. Онда ет және ет өнімдері, сүт және сүт өнімдері жұмыртқа, балық т.б ветеринариялық-санитариялық бақылауға жатқызылған өнімдер, халыққа қол жетімді бағамен сатылуда. Сонымен қатар аудан аумағында осы өнімдерді дайындау, сақтау, сату мекемелер бар. Олар: орталық аудандық аурухана, мектептер, балабақшалар, тойханалар т.б.

Осы өнімдердің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігі дегеніміз - жануарлардың саулығы, жануарлардан алынатын өнімдер мен

шикізаттың тағамдық қауіпсіздігі, аумақтың ветеринариялық-санитариялық салауаттылығы, халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау, сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігі қамтамасыз етілетін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің жай-күйі болып саналады.

Егер ветеринариялық- санитариялық талаптарға тоқталсақ; жануарлар олардан алынатын өнімдерді дайындау , сақтау, өткізу тек эпизоотиялық жағдайы қолайлы аймақтардан дайындалу қажет.

Кейіннен өткізуге арналған малдар аудан аумағындағы есептік нөмірі бар сою алаңдарында сойылуы тиіс. Өнім дайындалатын жерде сою алаңы жоқ болған жағдайда, мал тірідей № 1 ветеринариялық анықтамасымен жақын маңайдағы сою объектісіне жеткізіліп, сойылады. Мал ұшаларын тасымалдау № 2 ветеринариялық анықтамамен жүргізіледі. Тексеру нәтижесімен мал ұшаларына округтің ветеринариялық пункт меңгерушісінің мөрі басылады. Сою кезеңінде өнім иесі жанында болу қажет.

Мал ұшаларын авто көлікпен тасымалдау кезінде өнім астына брезент салынып, беті таза матамен жабылып жеткізіледі. Ішкі ағзалары (өкпе,бауыр,бүйрек,жүрек т.б) бөлек ыдыспен тасымалданады. Сәйкестігі, сатуға жарамдылығы ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу арқылы анықталады, Сараптау қортындысы өнім иесінің қолында болуы қажет. Сату орындары (сөре) таза және өнім астына мата төселу қажет, сонымен қатар өнімдерді көрсету құрал жабдықтар (шанышқы,пышақ таразы,) және ет шабу жағдайы ветеринариялық талаптарға сай яғни шөркелері боялған, шөрке үстіне тұз себілуі керек. Сатушылардың арнайы киімдері (халат, фартук, жеңсек) көмекші жұмысшыларында да халат болу қажет. Өнім толық сатылмаған жағдайда жауапты ветеринариялық-санитариялық инспекторға қалған өнім туралы ескерту керек.

Сүт және сүт өнімдерін сатушы әр ай сайын жергілікті ветеринариялық пункт меңгерушісінен №2 үлгідегі ветеринариялық анықтама және ветеринариялық санитариялық сараптама актісі болуы тиіс. Сүт өнімдерін сатушылар арнайы киім (халат,фартук,жеңсек,қолғап) және құрал жабдықтары (бір мезетте пайдаланатын салафон мешок, таразы, қысқыш, пышақ, қалақша т.б) пайдалануы тиіс. Өнім салынған ыдыстардың, сату орнының ұдайы таза болуын қамтамасыз етуге міндеттісіздер .

Балық өнімдері №2 үлгідегі ветеринариялық анықтамамен және 5 кг артық өнімдердің ауланған жерден шығыс сатылуы тиіс және жерден биіктігі 40 см кем емес сөреде тұруы керек.

Сатушылардың арнайы киімдері (халат,фартук,жеңсек,қолғап) болуы қажет.

Кейбір жағдайларда азық- түлік сататын дүкендерде сүт, қымыз, жұмыртқа, кептірілген балық, құс еттері тұтынушыларға ұсынылады. Осы орайда, жоғарыдағы қағидат пен талаптар орындалуы тиіс.

Ішкі сауда объектілерінде жануар және олардан алынатын өнімдерді дайындау, сақтау өткізуден айналысатын жеке және заңды тұлғалар.

Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңында осы өнімдердің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында , бақылау және қадағалау жұмыстары тұрақты түрде күнделікті жүргізіледі делінген.

Ендеше, заң талаптарын орындай отырып, тұтынушыларға сапалы өнім жеткізейік.

М.ТАНАБАЕВА,

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор.

ЖІТІ ІШЕК ИНФЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ



Бүгінде елімізде жиі кездесетін аурулардың бірі — жіті ішек инфекциялары. Бұл дерттердің басым бөлігі дұрыс сақталмаған немесе уақтылы термиялық өңдеуден өтпеген тағамдардан, лас судан және жеке бас гигиенасының сақталмауынан туындайды. Мұндай аурулардың алдын алу — әрбір азаматтың денсаулығы мен өмір сүру сапасын жақсартудың маңызды кепілі.

Жұқпалы аурулар қайдан шығады? Көп жағдайда жаз айларында тағам тез бұзылатындықтан, ішек инфекциялары белең алады. Тіпті балмұздақ, салат, ет және сүт өнімдері сияқты қарапайым тағамдар дұрыс сақталмаса, адам ағзасына қауіп төндіруі мүмкін. Сондай-ақ,

ауру жұққан адаммен байланыста болу немесе лас қол арқылы таралатын бактериялар да ішек инфекцияларына себеп болады.

Алдын алу шаралары

1. Жеке бас гигиенасын сақтау

Қолыңызды сабындап жиі жуыңыз — әсіресе дәретханадан кейін және тамақ ішер алдында. Балаларға да бұл әдетті үйрету қажет.

2. Тағам өнімдерін дұрыс өңдеу және сақтау

Ет, балық, жұмыртқа және сүт өнімдерін толық пісіріп, тоңазытқышта сақтау керек. Ашыған немесе иісі бұзылған тағамды тұтынуға болмайды.

3. Таза ауыз суын пайдалану

Қайнамаған суды ішпеңіз. Құдықтан немесе ашық су көздерінен алынған суды міндетті түрде қайнатып ішу қажет.

4. Жеміс-жидектер мен көкөністерді мұқият жуу

Жерден жиналған көкөніс пен жемісті ағын сумен мұқият жуу — түрлі бактериялардан сақтайды.

5. Көшеде сатылатын дайын тағамнан сақ болыңыз

Санитарлық талаптар сақталмаған жерде дайындалған тағам ішек ауруларының көзі болуы мүмкін. Қорытынды

Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру мен санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау — жіті ішек инфекцияларының алдын алудың басты жолы. Әр адам осы ережелерді күнделікті өмірде қолданса, жұқпалы аурулардың таралуы едәуір азаяды. Денсаулығыңыз — өз қолыңызда!

Е.СЕЙСЕМБИНОВ,

Ескелді СЭБ басқарма басшысы.

СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ!

Жаз—біздің балаларымыз үшін көңілді және уайымсыз уақыт. Көптеген отбасылар жаздың ыстық күндерін табиғатта,көл,өзен,теңіз жағаларында демалуды ұнатады. Ұлкендермен балалар шомылып,күннің нұрына рахаттанып,таза ауамен демалады. Бірақ су қауіпті болуы мүмкін! Біріншіден балалар кейде қауіп-қатерді байқамайды содан сіздің жауапты болу және қауіпсіздік техникасын сақтау міндеттілігінізді есте сақтау қажет! Сондықтан демалыс орнына барудың алдында келесі ұсыныстарды зерделеу керек;

Су – денсаулықты нығайтуға және демалудан барынша рахат алуға көмектесетін адамның одақтастығы, мейірімді досы. Бірақ, сонымен қатар ол алаңғасарлық ойға төзе алмай жоғары қауіптің көзі болуы мүмкін. Алаңғасарлықтың салдары ең ауыр болады. Оларды болдырмау үшін әр-бір адам судағы қарапайым қауіпсіздік ережелерін білуі тиіс.

Ең бірінші және басты ереже – мектепке дейінгі және бастауыш сыныптағы балалар ересектердің бақылауымен шомылуға тиіс. Балаларды бақылауды барынша күшейту, түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Үлкендердің еріп жүруінсіз жасөспірімдер арнайы бөлінген орындарда ғана шомылуы мүмкін. Ең көп қайғылы оқиғалар суға шомылуға арналмаған су айдындарында орын алады. Ата-аналар балаға судағы қауіпсіздіктің барлық ережелерін айтып қана қоймай, оған қиын жағдайда өзін-өзі ұстау дағдыларын үйретуі қажет. Жасөспірімді үрейленбеуге және өзін қалай ұстау керек, не істеу керек екенін түсінуге үйрету өте маңызды.

Суға шомылу кезінде жол берілмейді:

1. Бейтаныс жерде, көпірлер мен бөгеттердің астында жүзуге.
 2. Су түбінің тереңдігі мен бедерін білмей биіктіктен сүңгуге.
 3. Арнайы қоршаулар мен буйкалардан жүзіп кетпеуге.
 4. Қайықтарға салдарға және басқа да жүзу құралдарына жақындауға.
 5. Қайықтан, кемелерден, айлақтардан суға секіруге.
 6. Суда ойнау кезінде бір-бірінің қол-аяқтарынан жармасуға.
- Суда немесе жағалау сызығында болған уақытта ішімдік ішуден аулақ болыңыз. Алкоголь тепе-теңдік сезімін, қозғалыс үйлесімділігін және өзін-өзі бақылауды нашарлатады. Жүзе алмайтындар тереңдігі 1-2 метрден аспайтын арнайы жабдықталған жерлерде ғана шомылуға болады.

СУҒА ШОМЫЛУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗ



«Суға шомылуға тыйым салынады!» ескерту аншлагымен жабдықталған су нысандарында шомылуға қатаң тыйым салынады.

Есіңізде болсын! Тек судағы қауіпсіздік шараларын мұлтіксіз сақтау ғана қайғыға жол бермейді.

Өзіңізді және жақындарыңызды сақтаңыз!

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі.

НАВАРЛАНДЫРУ

Аудан тұрғындарының назарына

кедейшілік шегі 2025ж. 3 тоқсанына Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі «ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІНІҢ» № 224-VII кодексінің 11 бөлімінің 120 бабы 4 тармағына сәйкес, Жетісу облысы бойынша 2025 жылдың 3 тоқсанында ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 56 653 теңгені құрайды, осыған сәйкес, кедейлік шегі 38 257 теңге (56 653 x 70%) мөлшерінде анықталды.

Г.АУЕЛЬБЕКОВА ,

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлім басшысының м.а.

Черта бедности на 3 квартал 2025г. к сведению населения

В соответствии с «СОЦИАЛЬНЫМ КОДЕКСОМ» Республики Казахстан от 20 апреля 2023 года № 224-VII ЗРК, Глава 11, статьи 120 пункта 4 - прожиточный минимум по области Жетісу на 3 квартал 2025 год составил 56 653 тенге, черта бедности определена в размере 38 257 (56 653 x 70%).

Г.АУЕЛЬБЕКОВА

И.о. руководителя районного отдела занятости и социальных программ

Ескелді аудандық сотына, Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Ескелді би көшесі №37 үйдің тұрғыны, арыз беруші Ержанов Аден Ержанович, 24.09.1946 жылы Оңтүстік-Қазақстанда туылған, ЖСН: 460924301165, соңғы тұрғылықты мекен-жайы: Алматы қаласы, Беринга көшесі №21/4а үй, Алдамуратова Аманкельдыны, хабар ошарсыз кеткен деп тану туралы азаматтық іс қозғалған. Алдамуратова Аманкельдының мекен-жайы туралы мәліметтерді білетін тұлғалар Жетісу облысы, Ескелді ауданы Балпық би көшесі110,немесе 719-4762@sud.kz. электрондық поштасына хабарлама жариялағаннан соң 3 айдың ішінде хабарлануы қажет.

В Ескельдинском районном суде области Жетісу, возбуждено гражданское дело по заявлению Ержанова Адена Ержановича, проживающего по адресу: область Жетісу,Ескельдинский район, с.Карабулак,ул.Ескелды би №37 о признании гражданина Алдамуратова Аманкельды 24.09.1946 гр. ИИН: 460924301165, уроженца Ю-Казахстанской области проживавшего по адресу г.Алматы, ул.Беринга 21/4а, безвестно отсутствующим. Всем имеющим сведения о месте пребывания Алдамуратова Аманкельды, сообщать Ескельдинскому районному суду по адресу: область Жетісу, Ескельдинский район, с.Карабулак, ул.Балпык би №110,эл.адрес: 719-4762@sud.kz., в трехмесячный срок со дня публикации.

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Редакцияның телефоны 3-19-15	Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.	Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.	Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй	Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.	Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 988 Көлемі 2 баспа табақ.	Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ
--	---	---	---	--	--	--